



Eurasian Resources Group S.à r.l.
2025 жылғы Орнықты дамуға шолу

ОРНЫҚТЫЛЫҚ ТИІМДІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

МАЗМҰНЫ



КІРІСПЕ

3-бет



БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

5-бет



БІЗДІҢ БИЗНЕСІМІЗ

14-бет



ЭКОЛОГИЯ

21-бет



ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

25-бет



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

33-бет

Осы Шолу туралы

Осы Орнықты дамуға шолу – алдыңғы жылдары жарияланған әрі GRI стандарттарын ескере отырып дайындалған орнықты даму туралы кеңейтілген есептердің қысқартылған нұсқасы. Сонымен қатар оның мазмұны маңыздылықты бағалау нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Маңыздылықты бағалау әдіснамасы мен процесі туралы толымды ақпарат 2023 жылғы орнықты даму туралы есепте ұсынылған.

Осы Шолуды жариялаумен қатар Орнықты даму саласындағы корпоративтік есеп беру жөніндегі Еуропалық директива (CSRD) талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жұмысы жалғасуда. Бұл қос маңыздылықты бағалау рәсімін өзектендіруді және орнықты даму саласындағы деректерді басқару процестерін жетілдіруді қамтиды.

Шолуда ERG-дің 2025 күнтізбелік жылындағы нәтижелері ұсынылған, олар өндіру, өңдеу, энергетика, жобалық және көлік қызметін қамтиды. Онда негізгі мәселелер, көрсеткіштер динамикасы мен нәтижелер туралы жалпы мәліметтер, оның ішінде өндірістік және қаржылық көрсеткіштер, сондай-ақ экология, әлеуметтік сала және корпоративтік басқару саласындағы көрсеткіштер берілген.

ERG өз бастамаларын іске асыру арқылы БҰҰ Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізуге ұмтылады. БҰҰ-ның тиісті ОДМ осы Шолудың әрбір тақырыптық тарауының басында көрсетілген.

2023 жылғы орнықты даму туралы есепте ұсынылған ақпарат, атап айтқанда басқару тәсілдеріне қатысты ақпарат өзекті болып қала береді.

Қосымша ақпарат келесі веб-сайттарда қолжетімді:

- ▶ **Топ:** eurasianresources.lu
- ▶ **Қазақстан:** erg.kz
- ▶ **Африка:** ergafrica.com
- ▶ **Бразилия (BAMIN):** bamin.com.br

Шолудың мазмұны үшінші тараптар тарапынан расталған жоқ, алайда оған ішкі валидация жүргізілді.

Шолу ағылшын, қазақ, орыс және қытай тілдерінде дайындалды. Қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқа басым.

Шолуға ескертпелер

«ERG» немесе «Топ» деп Eurasian Resources Group S.à r.l. компаниясы және (немесе) оның еншілес компаниялары деген сөз.

Шолуда болжамды мәлімдемелер қамтылған, олар туралы ақпарат осы құжаттың соңғы форзацында ұсынылған.

Біз кері байланыс берсеңіз, тек қуаныштымыз. Қосымша ақпарат қажет болса немесе сұрау сал, ыңыз келсе: sdr@erg.net.

Шолуды пайдалану жөніндегі ұсынымдар

Интерактивті навигация

- < Артқа
- > Алға
- ≡ Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Eurasian Resources Group (ERG) – 63 906 адам еңбек ететін¹ халықаралық тау-кен металлургия компаниясы. Оның құрамына интеграцияланған геологиялық барлау, тау-кен өндіру, металлургия, қайта өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг кәсіпорындары кіреді. Компанияның негізгі операциялық қызмет өңірлері – Қазақстан, Африка және Бразилия. ERG өз өнімін 40-тан астам елге жеткізеді және жаһандық энергетикалық ауысу үшін маңызды материалдардың ірі өндіруші.

ERG – хром кені бойынша толық интеграцияланған шикізат базасы бар жоғары көміртекті феррохромның (хром құрамы бойынша) әлемдегі жетекші өндірушілерінің бірі. Компания сондай-ақ Африкадағы маңызды мыс өндірушісі және әлемдегі ең ірі кобальт өндірушілерінің қатарында. Бұдан бөлек, ERG - Қазақстандағы жалғыз бастапқы алюминий өндіруші, Орталық Азиядағы жалғыз глинозем жеткізуші және өңірдегі темір кенінің ең ірі жеткізушісі.



БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, орнықты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Өзіміз айналысатын істе үздік болу. Өз құндылықтарымызға адал бола отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзаттың әлеуетін ұқыпты аша отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.

ЖЫЛ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАРЖЫЛЫҚ

Базалық EBITDA көрсеткіші

\$2 116 млн
2024 жыл: \$1 867 млн

Түсім

\$6 209 млн
2024 жыл: \$6 347 млн

Күрделі шығындар

\$950 млн
2024 жыл: \$1 163 млн

ӨНДІРІСТІК

Феррохромты өндірісі

1 835 мың тонна
2024 жыл: 1 863 мың тонна

Алюминий өндірісі

264 мың тонна
2024 жыл: 265 мың тонна

Тауарлық металл мыс пен мыс концентратын өндіру

148,7 мың тонна
2024 жыл: 139,2 мың тонна

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтумен жарақат алу жиілігі (LTIFR)

0,95
2024 жыл: 1,12

Парниктік газ шығарындылары

29,2 млн тонна CO₂-бал.
2024 жыл: 29,7 млн тонна CO₂-бал.

Бөлінген экономикалық құн

\$6 247 млн
2024 жыл: \$6 506 млн

БІЗДІҢ ҚҰНДЫ- ЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



БІРЛІК



ТИІМДІЛІК



ДАМУ



ЖАУАПКЕРШІЛІК

ERG ТОБЫНА ШОЛУ

Орнықты төмен көміртекті болашақ үшін шикізат ресурстары саласындағы стратегиялық серіктес

НЕГІЗГІ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАЛАРЫ


ҚАЗАҚСТАН

Ферроқорытпалар



- ▶ Тұтыну тауарлары
- ▶ Энергетика және химия өнеркәсібі
- ▶ Құрылыс және инфрақұрылым
- ▶ Автомобиль жасау
- ▶ Машина жасау

Глинозем және алюминий



- ▶ Көлік және автомобиль жасау
- ▶ Құрылыс және инфрақұрылым
- ▶ Қаптама
- ▶ Тұтыну тауарлары
- ▶ Энергетикалық инфрақұрылым

Энергетика



- ▶ Өнеркәсіп және тұрмыстық қажеттіліктерге электр энергиясын өндіру

Темір кені



- ▶ Құрылыс
- ▶ Инфрақұрылым
- ▶ Машина жасау
- ▶ Автомобиль жасау

БРАЗИЛИЯ

Темір кені



- ▶ Құрылыс
- ▶ Инфрақұрылым
- ▶ Машина жасау
- ▶ Автомобиль жасау

АФРИКА

Кобальт, мыс және басқа да түсті металдар



- ▶ Инфрақұрылым
- ▶ Көлік
- ▶ Электроника
- ▶ Литий-ионды батареялар

1 ҚДР-дегі Boss Mining кәсіпорны қазіргі уақытта консервациялау режимінде тұр.

2 Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта консервацияда.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



2025 жылы біз Top стратегиясын табысты іске асыруды жалғастырып, тиімділік пен рентабельділіктің айтарлықтай өсуін қамтамасыз еттік

Шухрат Ибрагимов
Менеджерлер кеңесінің төрағасы, Бас атқарушы директор

ERG атынан компания қызметінің нәтижелері, оның ішінде орнықты даму саласындағы көрсеткіштер туралы стратегиялық ақпарат беретін 2025 жылғы Орнықты дамуға шолуды қуана ұсынамын. Мен біздің жетістіктерімізді, сондай-ақ алдымызда және тұтастай алғанда сала алдында тұрған сын-қатерлерге жауап ретінде қабылдап жатқан шешімді іс-қимылдарымызды мақтан тұтамын. Осы арқылы біз орнықты, тиімді және жауапты бизнесті қалыптастыруды жалғастырып келеміз.

2026 жылғы мамырда Шахмурат Муталипке тиесілі Nature energy solutions Ltd. компаниясы Патох Шодиев пен Александр Машкевичтің мұрагерлерінен ERG акцияларының 39,3%-ын сатып алды. Бұл өзгерістер Top бизнесінің тұрақтылығын одан әрі нығайтуға, корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға және ұзақ мерзімді табысқа қол жеткізуге ықпал етеді.

Қауіпсіздікке басым назар аудару

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету – біздің қызметіміздің аса маңызды бағыты. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚЖЕК) бөлімшелерінің, сондай-ақ кәсіпорындарымыздағы барлық қызметкерлердің күш-жігерін жоғары бағалаймын. Олардың күнделікті белсенді қатысуы мен жауапты көзқарасы осы саладағы көптеген аспектілердің жақсаруына ықпал етті. Сонымен бірге көрсеткіштердің өткен жылмен салыстырғанда жақсарғанына қарамастан, бізге әлі де көп жұмыс атқару қажет екені анық.

Өкінішке қарай, 2025 жылы Қазақстандағы кәсіпорындарда өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан бес әріптесіміз, оның ішінде Topтың екі қызметкері және мердігер ұйымдардың үш қызметкері қаза тапты. Өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға мүлдем жол беруге болмайды. Біз мұндай оқиғалардың тәуекелін барынша азайтуға ниеттіміз.

Осы мақсатта Қазақстандағы кәсіпорындарда ҚЖЕК жақсарту жөніндегі маңызды іс-шаралар іске асырылды, оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) және видеоаналитика негізіндегі озық шешімдерді, негізгі тәуекелдерді бақылаудың цифрлық құралын, сондай-ақ жабдықты бұғаттау мен таңбалаудың қосымша жүйелерін (ЛОТО) енгізу және мердігерлердің жұмыстарды орындауын бақылауды күшейту қамтылды (26-бет). Бұдан бөлек, 2026 жылғы ақпанда Қазақстанда ҚЖЕК саласындағы жаңа саясат бекітілді. Африкада өлімге әкелетін тәуекелдердің алдын алу рәсімдерін жетілдіру бағытында жұмыс жүргізілді, сондай-ақ нақты кәсіпорындарда қауіпсіздік деңгейін арттыру қамында бірқатар іс-шаралар іске асырылды (26-бет).

Қауіпсіздік – ERG компаниясының басты құндылығы. 2026 жылы «Қауіпсіздік жылы» бастамасы аясында біз жұмыс орындарындағы қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға одан да көп көңіл бөлеміз. Жарақатқа мүлдем жол бермеу мақсатына қол жеткізу барлық деңгейлердегі қауіпсіздікке бейілділікке негізделген жүйелі күш-жігерді талап етеді. Біз өзімізге және бір-бірімізге ең жоғары талаптар қойып, әрбір қызметкердің қауіпсіз еңбек жағдайларын, әл-ауқатын және өнімділігін қамтамасыз ететін мәдениетті бірлесіп қалыптастыруымыз қажет.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Топтың стратегиялық мақсаттары- на қол жеткізу қамындағы жұмыс

Біздің 2024 жылғы желтоқсанда бекітілген Стратегиямыз өткен жылы алғашқы оң нәтижелерін берді. Олардың қатарында операциялық тиімділікті арттыру, шығындарды неғұрлым тиімді бақылау, өндірісті ұлғайту, сондай-ақ Қазақстан мен ҚДР-дегі негізгі активтерімізге инвестиция салу бойынша жүйелі жұмыстың арқасында қол жеткізілген Топтың базалық EBITDA көрсеткішінің өсуі бар. Бұл нәтижелер бірқатар макроэкономикалық проблемаларға, соның ішінде әлемдік экономика өсімінің баяулауына (сондай-ақ АҚШ долларының әлсіреуіне¹), геосаяси тұрақсыздықтың жоғары деңгейіне, ферроқорытпа бағасының төмендеуіне және ҚДР-ден кобальт экспортына уақытша тыйым салуға қарамастан қол жеткізілді. Осындай жағдайлардағы Топ нәтижелері біз таңдаған стратегиялық бағыттың тиімділігін, сондай-ақ бизнесіміздің орнықтылығын растайды.

Сонымен қатар біз бизнесімізді басқару тәсілін жетілдіруді жалғастырып келеміз. Бұл рентабельділік пен орнықтылықтың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ете алатын икемдірек дивизиондық бизнес-модельге көшуді көздейді. Бұл сондай-ақ шикізат өндірісінің шеңберінен шығу және қосылған құны мен маржиналдылығы жоғары өнімнің үлесін арттыру мүмкіндіктерін зерделеуді білдіреді.

Сонымен бірге біз өзіміздің технологиялық зерттеулеріміз бен әзірлемелерімізге инвестиция салуды, сондай-ақ кәсіпорындарымыздың тиімділігі мен өнімділігін арттыру үшін цифрлық шешімдерді және ЖИ негізіндегі шешімдерді енгізуді жалғастырып отырмыз.

Әртараптандыру арқылы орнықтылық

Бизнесіміздің орнықтылығы оның әртараптандырылған құрылымына сүйенеді. Біз әртүрлі географиялық аймақтарда шикізат өнімінің бірнеше түрімен жұмыс істейміз және вертикалды интеграцияның жоғары деңгейіне иеміз. Бұл қандай да бір бір нарыққа, өнімге немесе юрисдикцияға тәуелділігімізді төмендетеді. Осындай әртараптандыру активтер портфелін жауапты басқарумен және капиталды тәртіппен бөлумен ұштасқанда, сала алдында туындайтын сын-қатерлерге тиімді ден қоюға мүмкіндік береді.

Активтеріміздің әлеуетін ашу

Біз қолданыстағы активтер базасы мен ұйымдық артықшылықтардың толық әлеуетін ашу есебінен ұзақ мерзімді орнықты өсуді қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз Қазақстан мен ҚДР-дегі негізгі тау-кен өндіру және қайта өңдеу активтерін оңтайландыруды, сондай-ақ оларды дамытуға инвестиция салуды жалғастырып, бір мезгілде бизнестің барлық бағыттарына технологияларды енгізіп келеміз. Бұл адам және геологиялық әлеуетті неғұрлым тиімді іске асыруды, өндіріс көлемін ұлғайту және үлестік шығындарды тұрақты түрде төмендету үшін инфрақұрылымды, деректер мен сараптаманы пайдалануды көздейді.

Сенімді стратегиялық серіктес

Өнім портфелінің, кәсіпорындардың тиімді орналасуының және орнықты өсуді қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлардың арқасында біз геосаяси белгісіздік жағдайында энергетикалық ауысуды қолдау және маңызды материалдарды жеткізуді қамтамасыз ету ісінде сенімді ұзақ мерзімді серіктес ретінде әрекет етеміз. Бұған қоса, өніміміздің қадағалануының және жауапты шығу тегінің расталуының жоғары деңгейі әлемдік металдар нарығындағы біздің оң рөлімізді күшейтеді.



Стейкхолдерлерімізге құндылық қалыптастыру

Ұзақ мерзімді табысымыздың маңызды шарты – стейкхолдерлерімізге орнықты құндылық қалыптастыру. 2025 жылы қызметкерлер, жеткізушілер, қаржылық серіктестер, ERG қатысатын елдердің үкіметтері және жергілікті қоғамдастықтар арасында бөлінген экономикалық құн – 6 247 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 6 506 млн АҚШ доллары).

Сонымен бірге қызметіміздің ықпалы экономикалық құнды тікелей бөлумен шектелмейді. Ол біздің кәсіпорындарымыз орналасқан елдерде жасайтын мүмкіндіктерімізде көрініс табады: кәсіпорындарымыз бен жеткізушілеріміздің қызметі арқылы ондаған мың адамға табыс көзін қамтамасыз етуден бастап ауқымды оқыту бағдарламаларын қолдауға дейін.

Біз жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлерде стейкхолдерлердің кең ауқымына құндылық қалыптастыруға әрдайым ұмтыламыз.

1 Біздің өнімдеріміз сатылатын валюта.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Қызмет нәтижелеріне шолу

2025 жылы сыртқы факторлар бизнесіміздің орнықтылығы мен икемділігін сақтау қажеттілігін растады. ҚДР-ден кобальт экспортын уақытша тоқтату және кейіннен экспорттық квоталар жүйесін енгізу – осының айқын мысалдарының бірі. Басқа өнімдік дивизиондардың нәтижелері арқасында біз бұл оқиғаның Топ деңгейіндегі қаржылық ықпалын шектеуге қол жеткіздік. Сонымен қатар шығындарды оңтайландыруға, тәртіпті бақылауға және операциялық тиімділікті арттыруға күшейтілген назар Африкадағы кәсіпорындарға Топ нәтижелеріне қосатын оң үлесін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, кобальтты қоспағанда, Топ өндіріс көлемдерінің тұрақты екенін көрсетті. Ферроқорытпалар, глинозем және алюминий өндірісінің аздап төмендеуіне қарамастан, біз темір кені мен мыс өнімдерін өндіру көлемін, сондай-ақ көмір мен арнайы кокс өндірісін едәуір ұлғайттық.

Операциялық қызмет нәтижелері

► Қазақстан

Темір кені шекемтастары мен концентратын өндіру 8,9%-ға ұлғайып, 10 998 мың тоннаға жетті (2024 жыл: 10 098 мың тонна). Бұл, ең алдымен, темір кені кәсіпорындарында өндіріс көлемінің ұлғаюуына және өндірістік қуаттардың жүктелу деңгейінің артуына байланысты болды. Көмір өндіру 5,6%-ға өсіп, 34 341 мың тоннаға жетті (2024 жыл: 32 529 мың тонна). Бұған Екібастұз бен Шұбаркөлдегі кәсіпорындар жұмысының тұрақты динамикасы, сондай-ақ шетелдік нарықтардағы сұраныстың өсуі ықпал етті. Сонымен қатар біз спец кокс зауытын жобалық қуатына шығару шеңберінде спец кокс өндірісін 13,7%-ға, 544 мың тоннаға дейін ұлғайттық (2024 жыл: 479 мың тонна).

Ферроқорытпа өндірісі іс жүзінде өзгеріссіз қалып, 1 835 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 1 863 мың тонна). Бұл Топтың металлургиялық кәсіпорындарының жыл бойғы тұрақты жұмысын көрсетеді. Глинозем өндірісі 2,0%-ға төмендеп, 1 500 мың тонна (2024 жыл: 1 530 мың тонна). Алюминий өндірісінің көлемі тұрақты, 264 мың тонна (2024 жыл: 265 мың тонна). Бұл ретте зауыт ең жоғары қуатқа жақын деңгейде жұмыс істеді жалғастырды. Сонымен қатар электр энергиясын өндіру аздап өсіп, 17 421 ГВт*сағ болды (2024 жыл: 17 396 ГВт*сағ).

► Африка

Metalkol кәсіпорнында металл мыс өндірісінің көлемі тұрақты деңгейде қалып, 101,1 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 101,0 мың тонна), ал кобальт гидроксидінің өндірісі 70,0%-ға қысқарып, 5,7 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 19,0 мың тонна). Бұл қысқару кобальт экспортының уақытша тоқтатылуына және ҚДР Үкіметі енгізген жаңа экспорттық квоталар жүйесіне байланысты болды. Frontier кәсіпорны концентраттағы мыс өндірісін 25,3%-ға ұлғайтып, 47,6 мың тоннаға жеткізді (2024 жыл: 38,0 мың тонна). Бұған кендегі мыс құрамының артуы және 2024 жылы өндіріс деңгейіне «Контур-4» жобасы шеңберінде өндірісті ұлғайтудағы кідірістердің теріс әсер етуі ықпал етті.

► Бразилия

2025 жылғы сәуірде BAMIN кәсіпорны іске асырып жатқан кен орнын игеру және теміржол мен порт салуды қамтитын интеграцияланған «Педра-де-Ферро» жобасы консервация режиміне ауыстырылды. Тиісті шешім күрделі геосаяси және макроэкономикалық жағдайды, сондай-ақ шикізат тауарлары бағасының төмендеуін ескере отырып қабылданды. Біз BAMIN-нің әлеуетті сатып алушысымен жобаны одан әрі дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қоса алғанда, түрлі стратегиялық нұсқаларды қарастыруды жалғастырып келеміз.

Қаржылық нәтижелер

► Түсім және EBITDA

2025 жылы біз базалық EBITDA көрсеткішін тағы да 13,3%-ға, 2 116 млн АҚШ долларына дейін ұлғайттық (2024 жыл: 1 867 млн АҚШ доллары). Түсім негізінен темір кені өнімдері мен ферроқорытпалар нарығындағы қолайсыз баға конъюнктурасының әсерінен 2,2%-ға біршама төмендеді. Бұл ретте ҚДР-ден кобальт экспортына қойылған шектеулер өткізу көлемінің қысқаруына әкелді, алайда олардың түсімге әсері кобальт бағасының өсуі есебінен едәуір дәрежеде өтелді. EBITDA-ның жоғары деңгейі ең алдымен операциялық тиімділікті дәйекті түрде арттыру және шығындарды оңтайландыру нәтижесінде қамтамасыз етілді. Бұл ферроқорытпаларды, темір кені өнімдерін және мыс концентратын қоса алғанда, негізгі өнім түрлерін өндірудегі үлестік шығындарды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. Африкадағы кәсіпорындардың Топтың EBITDA көрсеткішіндегі үлесі 24%-ды құрап, 2024 жылғы деңгейден екі есеге жуық асып түсті.

► Шығындарды азайту

2025 жылы біз ақшалай шығындарды шамамен 252 млн АҚШ долларына қысқарттық, бұл бизнесіміздің рентабельділігі мен қаржылық тұрақтылығын арттыруға тікелей ықпал етті.

Қазақстанда инфляция нәтижесінде біз пайдаланатын ресурстар бағасының өсуіне, жалақыны индекскеуге және өндірістің тұрақты деңгейін ұстап тұру әрі болашақта өсуге жағдай жасау мақсатында жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған шығыстардың ұлғаюуына қарамастан, шығындарды қысқартуға қол жеткіздік. Бұдан бөлек, Хромтау жел электр станциясын пайдалануға беру электр энергиясына жұмсалатын шығыстарды азайтуды қамтамасыз етті, ал арнайы кокс өндіретін жаңа зауытымыз шығаратын тотықсыздандырғыштарды тұтынудың ұлғаюы бөгде жеткізушілерден сатып алу шығындарын қысқартуға мүмкіндік берді.

Бұған қоса, жалпы және әкімшілік шығыстардың төмендеуі де Топ көрсеткіштерінің динамикасына оң әсер етті.

Африкада операциялық тиімділікті арттыру, техникалық қызмет көрсету мен мердігерлік жұмыстарға жұмсалатын шығындарды тәртіпті түрде басқару, сондай-ақ энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру есебінен шығындарды оңтайландыру жұмысы жалғастырылды. Бұдан бөлек, орталықтандырылған желіден жеткізілетін электр энергиясының қолжетімділігінің артуы генераторларды пайдалануды қысқартуға мүмкіндік берді. Frontier кәсіпорнында өндіріс көлемінің өсуі үлестік шығындардың төмендеуіне ықпал етті.

► Күрделі шығындар

Негізінен Қазақстанда шоғырланған күрделі шығындар 950 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 1 163 млн АҚШ доллары), бұл 2017-2021 жылдардағы орташа жылдық мәннен 200 млн АҚШ долларына жоғары. Сонымен қатар 2022 жылдан бері ERG инвестициялары көлемінің өсу үрдісі сақталып отыр. 2025 жылы Топ капитал салымдарының негізгі бөлігі қолданыстағы активтерді жаңғыртуға және олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға, сондай-ақ өндіріс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға, қоршаған ортаға әсерді басқаруға және жаңа өнім түрлерін өндіру жобаларына бағытталды.

► Ақша қаражатының қозғалысы

Топтың операциялық қызметтен алған таза ақша қаражатының көлемі тұрақты түрде жоғары деңгейде қалып, 1 179 млн АҚШ доллары межесінде (2024 жыл: 1 240 млн АҚШ доллары). Бұған шығындарды қысқарту, сондай-ақ айналым капиталын проактивті басқару¹ және табыс салығын төлеу шығыстарын азайту ықпал етті. Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражатының жалпы көлемі – 596 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 1 317 млн АҚШ доллары). Бұл қаражаттың негізгі бөлігі күрделі шығындарды қаржыландыруға бағытталды.

1 Сатып алу шарттары бойынша алдын ала төлем көлемін қысқартуды және апатты қорларды қайта қарауды қоса алғанда.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты көлемінің айтарлықтай қысқаруы Қазақстан Республикасы Үкіметіне жалпы сомасы 366 млн АҚШ долларын құрайтын дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттеменің бұғаттан шығарылуымен байланысты болды. Нәтижесінде қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражатының көлемі 535 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды (2024 жыл: 127 млн АҚШ доллары).

► Қарыз жүктемесі және қаржыландыру

2025 жылы біз қаржыландыру көздерін әртараптандыру арқылы өтімділікке қолжетімділікті кеңейту және бизнесіміздің қаржылық тұрақтылығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырдық. Атап айтқанда, Топ жетекші трейдингтік компаниялармен бірқатар маңызды келісімдер жасасты. Мысалы, Bank of China-ның Лондон бөлімшесімен және Glencore International-мен жасалған мыс жеткізілімдерін экспортқа дейінгі қаржыландыру туралы қолданыстағы келісім шеңберінде ұсынылатын қаржыландыру көлемі 215 млн АҚШ долларына дейін ұлғайтылды. Қаржыландыру Metalkol кәсіпорны өндіретін мысты жеткізу шартымен қамтамасыз етілді. ERG сондай-ақ Mercuria компаниясымен 100 млн АҚШ доллары сомасына алдын ала төлемді көздейтін мыс жеткізілімдері туралы стратегиялық ұзақ мерзімді келісім жасасты.

Бұған қоса, Қазақстанның Даму Банкі (ҚДБ) Хромтау жел электр станциясының құрылысына (15-бет) 27 млн АҚШ доллары көлемінде, сондай-ақ Қазақстан электролиз зауытының (ҚЭЗ) айналым капиталына қажеттілігін қаржыландыруға 200 млн АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру ұсынды. Сонымен қатар біз баламалы қаржыландыру көздерін іздеуді жалғастырып келеміз.

Біз сондай-ақ алғаш рет жария қарыз құралын - жалпы сомасы 100 млн АҚШ доллары болатын, үш жылдық айналым мерзімі бар «ҚЭЗ» АҚ кепілді купондық облигацияларын шығардық. ҚДБ-ның гарант ретіндегі қолдауымен шығарылым Moody's агенттігінен «Ваа1» инвестициялық кредиттік рейтингін алды. Қазақстан құқығы бойынша шығарылған мемлекеттік емес облигациялар алғаш рет халықаралық инвестициялық рейтингке ие болды.

2025 жылы ERG жасасқан кредиттік келісімдер бойынша 610 млн АҚШ доллары алынды. Бұл қаражат айналым капиталына қажеттілікті қанағаттандыруға және капитал салымдарын қаржыландыруға пайдаланылды. Осы кезеңде 774 млн АҚШ доллары сомасындағы берешек өтелді (2024 жыл: 647 млн АҚШ доллары). Нәтижесінде қарыздар мен кредиттер бойынша берешекті өтеудің таза сомасы 164 млн АҚШ доллары межесінде (2024 жыл: 123 млн АҚШ доллары).

► Кредиттік рейтинг

2026 жылғы тамызда Moody's Топтың ұзақ мерзімді корпоративтік рейтингін B2 деңгейінде «Тұрақты» болжамымен растады. Бағалау ба-рысында кредиттік көрсеткіштердің біртіндеп жақсаруы, сондай-ақ кредиттік көрсеткіштер мен өтімділіктің шикізат тауарлары бағасының құбылмалылығына сезімталдығын қоса алғанда, бірқатар негізгі факторлар ескерілді.

Бизнестің орнықты дамуы

Тиімділікті арттыру және өндірісті ұлғайту

2025 жылы біз тиімділікті арттыруға және өндіріс көлемін ұлғайтуға ерекше назар аудара отырып, Қазақстандағы негізгі өндірістік активтерді жаңғырту мен дамытуды жалғастырдық. Ұзақ мерзімді перспективада бұл қолданыстағы активтердің әлеуетін неғұрлым толық іске асыруға және Топтың орнықты өсуін қолдауға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, бұл Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарын ұзақ жылдар бойы шикізатпен қамтамасыз ететін «Болашақ» хром кені шахтасын игеруді жалғастыруды қамтиды. Бұдан бөлек, ERG Green шламды қалдықтарды қайта өңдеу жобасы аясында Дөң ТКБК-де инновациялық технологияларды қолданатын флотациялық байыту секциясы іске қосу-баптау режимінде пайдалануға берілді. Бұл алу көрсеткіштерін арттыруға және жылына 500 мың тоннадан астам хром концентратын өндіру деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

Павлодар алюминий зауытында өнімдік сүзгілеу учаскесі мен тік кальцинация пештерін салу жөніндегі ауқымды жобаны іске асыру басталды. Бұл өндіріс көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ шығындар мен энергия тұтынуды қысқартуға мүмкіндік береді.



МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Жаңа өнім түрлерін әзірлеу

Біз маңызды металдарды қоса алғанда, жаңа, жоғары маржиналды өнім түрлерін әзірлеу мүмкіндіктерін зерделеп келеміз. Бұл ERG үшін жаңа нарықтарға шығуға және ұзақ мерзімді перспективада рентабельділікті арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі отандық компаниялар алдына қойған ел ішіндегі құндылықты арттыру мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді.

2026 жылдың соңында Павлодар алюминий зауытының алаңында галлий өндірісін бастау жоспарланып отыр. Бұл жоғары жылдамдықты микросхемаларды, 5G технологияларын, лазерлерді және жетілдірілген радиолокациялық станцияларды қоса алғанда, бірқатар салада қолданылатын осы маңызды металды жеткізудің жаңа сенімді көзін қамтамасыз етеді. Жаңа өндірістің жоспарланған қуаты – жылына 15 тонна галлий. Нәтижесінде Қазақстан осы маңызды металды өндіру бойынша әлемде екінші орынға шығады.

Сонымен қатар Шұбаркөл көмір кәсіпорнының спец кокс зауытында өндірілетін тотықсыздандырығыштар бұрын Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында пайдаланылған импорттық мұнай коксын толық алмастырды. Бұл өзіндік құн және жеткізілімдердің тұрақтылығы тұрғысынан елеулі артықшылықтар берді. Біз көмірді сұйылту технологиясы бойынша жаңа өнім түрлерін, сондай-ақ көмір-химия өнімін жасау мүмкіндігін қарастырып отырмыз.

Негізгі ресурстар жеткізілімдерін бақылауды күшейту

Жақында болған жаһандық оқиғалар жеткізу тізбектерінде іркілістер орын алған жағдайда компаниялардың қаншалықты осал болуы мүмкін екенін айқын көрсетті.

Сондықтан Қазақстанда біз негізгі шикізат пен материалдар түрлерімен қамтамасыз етуді бақылауды күшейтіп, ERG Service-ті дамытуды жалғастырып келеміз. Кәсіпорын ауыр техникаға арналған қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштардың 3 мың атауын, оның ішінде тау-кен металлургиясы саласы мен электр станциялары үшін стратегиялық маңызды компоненттерді өндіреді. Бұл сыртқы жеткізушілерге тәуелділікті төмендетеді, бизнестің операциялық орнықтылығын арттырады, импортты алмастыруға ықпал етеді және жергілікті экономиканың дамуын қолдайды.

Заманауи технологиялар мен ЖИ енгізу

Біз кәсіпорындарымыздың қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру мақсатында бизнесімізді цифрландыру және жасанды интеллект енгізу қамында белсенді жұмыс жүргізіп келеміз. Қазақстандағы негізгі бастамалардың, соның ішінде өз әзірлемелеріміздің мысалдары ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «ақылды» бейнекамераларды пайдалануды, жүргізушісіз самосвалдарды, персоналды нақты уақыт режимінде позициялау жүйелерін, автоматты диспетчерлік жүйелерді енгізуді, электр энергиясына қажеттілікті предиктивті модельдеуді және ЖИ пайдалана отырып тау-кен жұмыстарын жоспарлауды атап өтуге болады. Африкадағы кәсіпорындарымыздың қызметіне ЖИ интеграциялау – 2026 жылғы жұмыстың негізгі бағыттарының бірі. Операциялық тиімділікті арттыруға, қауіпсіздікті басқаруды күшейтуге және шешім қабылдау процесін жетілдіруге ерекше назар аударылады (17-бет).

Біз ERG-ді технологияға бағдарланған тау-кен металлургия компаниясы ретінде дамытуды көздейміз. Бұл, өзге бастамалармен қатар, галлий өндіру үшін инновациялық шешімдерді қолдануды және ERG Green жобасы аясында хромды алу процесін жетілдіруді (15-бет) көздейді.

Орнықты даму көрсеткіштері

Жауапты өндіріс және айналмалы экономика қағидаттарын енгізу

Біз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін жауапты басқаруға ұмтыламыз. Осы ниеттің іс жүзіндегі көрінісінің мысалы ретінде құны 500 млн АҚШ долларлық 10 жылдық Экологиялық стратегиямызды атауға болады. Оны іске асыру 2030 жылға қарай Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында қатты бөлшектер шығарындыларын жартысынан астамға қысқартуға және осы елдегі металлургиялық және энергетикалық өндірісті атмосфералық ауадағы қатты бөлшектер шығарындылары саласындағы Еуропалық одақта қабылданған стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді (22-бет). Біз сондай-ақ Қазақстандағы негізгі кәсіпорындарда суды пайдалану тиімділігін арттыру және су тұтынуды қысқарту жөніндегі шараларды іске асырып келеміз (22-бет).

Сонымен қатар біз өндіру қалдықтарын қайта өңдеу және оларды басқару арқылы қызметімізге айналмалы экономика қағидаттарын енгізу жұмысын жалғастырып келеміз. Қазақстандағы Дөң ТКБК-де ERG Green жобасы шеңберінде шламды қалдықтарды хромды ала отырып қайта өңдеу жүзеге асырылуда. Бұл жоба қалдықтарды басқару, қоршаған ортаның ластануының алдын алу және суды пайдалану бөлігінде оң әсер етеді, сондай-ақ Жасыл кредиттеу қағидаттарына сәйкес келеді (23-бет). ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорны бөгде кәсіпорындардың қызметі нәтижесінде түзілген қордаланған қалдықтарды мыс пен кобальт гидроксидін ала отырып қайта өңдеуді жалғастыруда (24-бет).

Көміртегі ізін қысқарту

Біз Қазақстанның төмен көміртекті болашаққа көшуін қолдауға толық бейілдіміз және елде 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі климаттық мақсатымызды іске асыру үшін жүйелі жұмыс істеп келеміз. Сонымен қатар біз 2035 жылға қарай өніміміздің, яғни феррохром, алюминий және темір кені шекемтастарының көміртегі ізін 30%-ға қысқарту жөнінде орта мерзімді мақсат қойып отырмыз. Бұл, әсіресе Қазақстанның көмір генерациясына тәуелділігі сақталып отырғанын ескерсек, күрделі әрі ұзақ мерзімді міндет екенін түсінеміз. Алайда компания осы мақсатқа қол жеткізу жолында табанды жұмыс істеуге ниетті.

Біз бұл жоспарларды іске асыру үшін нақты қадамдар жасап отырмыз. 2025 жылғы тамызда қуаты 150 МВт алғашқы Хромтау жел электр станциясы пайдалануға берілді (22-бет). Ол Дөң ТКБК-нің көміртегі сыйымдылығын тікелей төмендетуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты жанында ферроқорытпа газымен жұмыс істейтін қуаты 80 МВт жаңа утилизациялық электр станциясының құрылысы басталды. Бұл дәстүрлі көздерден алынатын энергияны пайдаланудан бас тартуға және парниктік газ шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік береді.

Өз активтеріміздің көміртегі сыйымдылығын төмендетумен қатар, біз кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпа өндіру арқылы жаһандық энергетикалық ауысуға үлес қосамыз.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Бизнесіміздің іргетасын нығайту

Қызметкерлер – біздің бизнесіміздің негізі. Біз үздік мамандарды тарту және ұстап қалуға бар күш-жігерімізді жұмсап, бәсекеге қабілетті еңбекке, кешенді әлеуметтік пакет, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз. Өткен жылы бұл күш-жігердің мойындалғанын атап өтуге қуаныштымын: ERG Қазақстандағы ең тартымды жұмыс берушілердің топ-5 қатарына кірді¹. Салыстыру үшін, 2023 жылы Топ осы рейтингте 20-орында болды. Біз сондай-ақ ACCA Approved Employer мәртебесіне ие танылған ұйым болып қала береміз, бұл жанандық командамыздың кәсіби дамуына тұрақты бейілділігімізді растайды.²

Салада жалпы кадр тапшылығы сақталып отыр, алайда біз өзіміздің білім беру экожүйемізді дәйекті дамыту арқылы бұл тәуекелді табысты басқарып келеміз. Бұл бізге орнықты кадрлық резерв қалыптастыруға және негізгі позициялардағы сабақтастықты қолдауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда бұл бағыт халықаралық деңгейде танылған ERG корпоративтік университетінің қызметін қамтиды. Ол EFMD Excellence in Practice Awards 2024 байқауында «Кәсіби оқыту саласындағы үздік бағдарлама» номинациясы бойынша алтын марапатқа ие болды³. Бұдан бөлек, ол ТМД-да алғаш болып EFMD LIFT Learning Impact стандарты бойынша сертификаттаудан өтті⁴.

Өзіміздің кадрлық резервімізді қалыптастырумен қатар, біз Қазақстандағы болашақ кадрлық әлеуеттің дамуына үлес қосамыз. Атап айтқанда, «ERG мен колледждер альянсы» стратегиялық бағдарламамызды іске асыру тәжірибесі (28-бет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025–2027 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеу кезінде ескерілді⁵. Бұл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен отандық компаниялар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ болашақ экономикасына қажетті дағдыларға ие мамандарды даярлауға ықпал етеді. Жыл ішінде біз сондай-ақ Топ кәсіпорындары орналасқан аймақтарда 10 заманауи Құзырет орталығын және 3 Кәсіби біліктілікті тану орталығын аштық (28-бет).

Африкада біз қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған инвестицияларды 1,2 млн АҚШ долларына дейін ұлғайттық (2024 жыл: 230 мың АҚШ доллары). Бұл оқыту бағдарламаларының кеңеюін және оларға қатысушылар санының артуын көрсетеді. Негізгі назар көшбасшылық дағдыларды дамытуға және техникалық оқытуға аударылды.

ERG қолдауымен Колвезиде, Metalkol кәсіпорнына жақын жерде, ашылу рәсіміне ҚДР Президенті қатысқан кәсіптік білім беру орталығы ашылды. Бұдан бөлек, Metalkol базасындағы техникалық оқыту орталығы аккредитациядан өтті.

Орнықты жергілікті қоғамдастықтарды дамыту

Біз жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға бағытталған дәйекті және ауқымды әлеуметтік инвестициялар есебінен кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтарда мәнді әрі ұзақ мерзімді оң әсер жасауға ұмтыламыз. 2025 жылы Топтың кәсіпорындары орналасқан елдердегі әлеуметтік инвестицияларының көлемі – 40 млн АҚШ долларынан асты (2024 жыл: 120 млн АҚШ доллары). Қазақстанда бұл жұмыс кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына кешенді тәсілді қамтиды (31-бет). ҚДР-де біз жергілікті қоғамдастықтармен олардың ең өзекті проблемаларын шешу мақсатында ынтымақтасамыз. Бұл ретте біздің түпкі мақсатымыз – кәсіпорындарымыздың қызметі аяқталғаннан кейін де сақталатын орнықты және тәуелсіз экономикалық экожүйелерді құру.

Өнімнің этикалығы және кепілдіктер беру

Біздің өнімге деген сенім ашықтық пен есеп берушілікке негізделген. Біз оны қызметіміздің бизнесті жауапты жүргізу стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған сенімді бақылау және растау тетіктері арқылы қолдаймыз.

ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорны «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы шеңберінде өнімнің қадағалануы мен сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Кәсіпорында сондай-ақ минералды ресурстардың жауапты шығуын қамтамасыз ету процесі шеңберінде аудит жүргізіліп, Copper Mark сертификаты алынды (35-бет).

Қазақстанда «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасы өндірістік-өткізу тізбегі бойынша серіктестерімізге заңнама талаптарынан тыс қосымша растаулар береді, сондай-ақ Лондон металдар биржасының (LME) жеткізушілерді жауапты таңдауға қатысты талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазхром жоғары көміртекті феррохромға⁶ арналған өнімнің халықаралық экологиялық декларациясын (Environmental Product Declaration, EPD) алды, ал Шұбаркөл көмір кәсіпорнында Bettercoal стандарттарына сәйкес өндіруші мәртебесін алу жұмыстары жалғасуда.

Біз сондай-ақ Еуропалық одақтың Корпоративтік орнықты даму жөніндегі есептілік туралы директивасының (CSRD) талаптарын сақтауға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, оның ішінде қосарлы маңыздылықты бағалауды жүргізу және деректерді басқару мен есептілікті дайындау процестерін жетілдіру шараларын іске асырудамыз.

1 ANCOR стаффинг компаниясы 2025 жылы жүргізген тәуелсіз зерттеу нәтижелері бойынша.

2 ACCA Approved Employer мәртебесі персоналды оқыту мен дамытуда жоғары стандарттарды көрсететін, оның ішінде ACCA біліктілігін алып жатқан қызметкерлерге қолдау көрсететін ұйымдарға беріледі. Толымды ақпарат accaglobal.com сайтында ұсынылған.

3 EFMD - бизнес мектептерді, бизнес мектептердің бағдарламаларын, сондай-ақ корпоративтік университеттерді аккредиттейтін ұйым.

4 LIFT - корпоративтік оқыту функцияларына арналған сертификаттау. Толымды ақпарат efmdglobal.org сайтында.

5 2025 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білімін трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасын бекіту туралы бірлескен бұйрық шығарды.

6 Сертификаттау ERG өнімінің халықаралық экологиялық талаптарға сәйкестігін және оның қоршаған ортаға әсерінің ашықтығын растайды.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты нығайту

Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің үкіметтері – біздің негізгі серіктестеріміздің бірі. Қазақстанда біз ел мен оның азаматтары үшін бауатты болашақты қамтамасыз етуге бағытталған Үкімет күш-жігерін, оның ішінде білім беруді трансформациялау, кәсіби дағдыларды дамыту, технологиялық инновациялар (жасанды интеллектіні қоса алғанда) және өндіріс қауіпсіздігін реттеу салаларында белсенді қолдаймыз. Қызметіміздің мақсаттарына сәйкес келетін жерлерде біз Үкіметке ұлттық даму міндеттерін шешуге жәрдем көрсетуді жалғастырып келеміз.

ҚДР-де Үкіметпен ұзақ мерзімді серіктестігіміз Топтың инвестициялар, салық төлемдері, жұмыс орындарын құру және жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға бағытталған әлеуметтік инвестициялар арқылы қосатын елеулі әлеуметтік-экономикалық үлесімен нығаяды. 2025 жылы Swanmines жобасын әзірлеу мәселелері бойынша Gécamines мемлекеттік тау-кен өндіру компаниясымен бітімгершілік келісім сәтті жасалды (36-бет). Бұл жобаны бірлесіп іске асыруға жағдай жасайды. Бұдан бөлек, біз кобальттың орнықты экспорттық жеткізілімдері жүйесін құру мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жалғастырып, сондай-ақ мемлекеттік SNEC энергия өндіруші компаниясына ұзындығы 48,4 км Nseke-RO электр беру желісін жаңғыртуда жәрдем көрсеттік (22-бет).

Өнімдерімізде артельдік және шағын ауқымды өндіру нәтижесінде алынған шикізат пайдаланылмағанымен, біз осы секторды формализациялау және жауапты өндіру тәжірибелерін дамыту жөніндегі мемлекеттік органдардың күш-жігерін қолдаймыз. Осы жұмыс шеңберінде біз Enterprise Générale du Cobalt (EGC) компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандум жасастық. Атап айтқанда, меморандум жергілікті халық үшін неғұрлым қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және тұрақты табыс табу мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағытталған.

Алдағы қадамдар

Мен қызметкерлерімізді, олардың жоғары кәсібилігі мен жанқиярлығын, сондай-ақ ұжымымыздың қол жеткізген нәтижелерін мақтан тұтамын. Стратегиялық мақсаттарымызға, яғни тиімділікті арттыруға, өндірісті ұлғайтуға және шығындарды қысқартуға қол жеткізу жұмыстарын жалғастыра отырып, сондай-ақ негізгі активтерімізге инвестиция салып және бизнесіміздің қаржылық тұрақтылығын нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыра отырып, біз болашақта рентабельділікті арттыру және орнықты өсуді қамтамасыз етуге берік негіз қалаймыз. Жоғары маржиналды өнім жасау бойынша жұмыс та ұзақ мерзімді перспективада бизнесіміздің орнықтылығын арттыруға және позицияларын нығайтуға ықпал етеді.

Біз қазірдің өзінде елеулі нәтижелерге қол жеткіздік, және алда бізді жаңа табыстар күтіп тұрғанына сенімдімін.

Қызметті жауапты жүргізу тәсілі және компаниямызбен байланысты әлемнің әртүрлі елдеріндегі мыңдаған адамдар үшін құндылықты дәйекті жасау біздің ортақ болашағымыз үшін айқындаушы мәнге ие. Біз бұл жауапкершілікті қабылдауға және бірге алға жылжуды жалғастыруға дайынбыз.

Шухрат Ибрагимов

Менеджерлер кеңесінің төрағасы,
Бас атқарушы директор

БІЗДІҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІМІЗ

Стейкхолдерлердің кең ауқымына құндылық қалыптастыру



Нәтижелілік көрсеткіштері

- \$2 116 млн

Базалық EBITDA көрсеткіші

► 0,95

LTIFR

► 29,2 млн тонна CO₂-бал.

Парниктік газ шығарындылары

► \$6 209 млн

Түсім

► >\$40 млн


Әлеуметтік инвестициялар

► 1 981 млн м³

Су тұтыну

¹ Салық төлеу шығыстары 2025 жылға есептелген салықтар. Салық төлемдері 2025 жылы нақты төленген салықтар (36-бет).
² Күрделі шығындарды, яғни негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге капиталдандырылған шығыстарды, қарыздар бойынша капиталдандырылған шығыстарды және еңбекақы төлеуге арналған капиталдандырылған шығыстарды шегергендегі соманы қамтиды. Күрделі шығындар негізгі құралдардың шығарылуын есепке алмағанда жалпы мәнде көрсетілген.

Экономикалық құнды бөлу (\$ млн)



Барлығы

\$6 247 млн

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ

Бизнестің орнықтылығын қамтамасыз ету және қоғамға құндылық қалыптастару

СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОНТЕКСТ

Бизнестің орнықты дамуы

Біздің Стратегиямызды¹ басшылыққа ала отырып, біз жаңғырту, инновациялар және жауапты басқару негізінде табысты, орнықты және болашаққа дайын компания қалыптастырып келеміз. Бұл ұзақ мерзімді өсуге, операциялық тиімділікті арттыруға және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға берік негіз қалайды. Осы мақсатқа қол жеткізу қызметкерлеріміздің ұжымдық күш-жігері және ERG-дің саланың шынайы көшбасшысы ретіндегі позициясын нығайтуға ортақ бейілділігі арқасында мүмкін болады.

Қоғамға құндылық

Табысты және орнықты бизнес ERG-дің жалақы төлемдері, әлеуметтік инвестициялар, жеткізушілер мен үкіметтерге төлемдер есебінен жергілікті қоғамдастықтар, өңірлер және кәсіпорындарымыз орналасқан елдерге құндылық қалыптастыру қабілетін нығайтады. Бұл сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің, оның ішінде қосылған құны мен маржиналдылығы жоғары өнім өндірісін жергіліктендіру арқылы, көбірек экономикалық құн жасауға ықпал етеді.



Аса маңызды табиғи ресурстар

ERG өндіретін кобальт, мыс, алюминий және феррокорытпалар – әлемдік экономика және төмен көміртекті болашаққа көшу үшін маңызды материалдар. Осы өнімнің бәрі бойынша өндірістік-өткізу тізбегі шеңберінде ашықтықтың, сенімділіктің және бақылаудың жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі.

Қызметті жауапты жүргізу тәсілі

Стратегиямызды іске асыру барысында біз қызметкерлердің қауіпсіздігіне, сондай-ақ қызметіміздің экологиялық және әлеуметтік әсерлерін жауапты басқаруға басым назар аударуды жалғастырамыз. Бұл бізге танылған халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге және нарықтағы позицияларымызды нығайтуға мүмкіндік береді.

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



Қаржылық тұрақтылықты арттыру

Қарыз жүктемесін жедел қысқарту және ресурстарды ERG өндірістік қуаттарын дамытуға қайта бөлу. Біздің мақсатымыз - берешек деңгейін едәуір төмендету және жаңа капиталды көп қажет ететін жобаларды іске қосуға жағдай жасау.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- Түсімнің 2,2%-ға төмендеуіне қарамастан, EBITDA-ның жылдық мәнде 13,3%-ға өсуі, оның ішінде ERG-дің африкалық бөлімшесінің Top EBITDA-сына қосқан үлесінің екі есеге жуық ұлғаюы есебінен;
- Саудалық қаржыландыруды, жобалық қаржыландыруды тартуды және ERG-дің алғашқы жария борыштық құралын шығаруды қоса алғанда, қаржыландыру тетіктерін артараптандыру және оңтайландыру (8-бет);
- Берешекті өтеудің таза сомасы 164 млн АҚШ доллары.



Негізгі өндірістік активтерге басым назар аудару

Қазақстандағы және басқа елдердегі негізгі өндірістік активтерімізді басым дамыту, сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан негізгі өңірлерінің әл-ауқатына жәрдемдесу ұзақ мерзімді орнықты өсу үшін берік негіз қалыптастырады.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- Қазақстандағы негізгі активтерді дамыту және жаңғырту жұмыстарын жалғастыру, оның ішінде «Болашақ» хром кені шахтасын пайдалануға енгізу және жобалық қуатына шығару жұмыстары (15-бет);
- ҚДР-дегі өндірістік активтерді оңтайландыру (Frontier және Metalkol) (16-бет);
- Қазақстанда қуаты 150 МВт Хромтау жел электр станциясын пайдалануға беру (15-бет).



Өндірісті ұлғайту және тиімділікті арттыру

Қолданыстағы активтер қуатының барынша жүктелуін қамтамасыз ету және шығындарды қысқарту бізге тиімділікті арттыруға және нарықтық ауытқулардың әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- Феррокорытпалар, алюминий және глинозем өндірісінің көлемдері 2024 жылғы рекордтық мәндерге жақын деңгейде сақталды; бұл ретте концентраттағы мыс, темір кені шекемтастары мен концентраты, сондай-ақ көмір және спец кокс өндірісі ұлғайды (7-бет);
- Ақшалай шығындарды 252 млн АҚШ долларына қысқарту;
- Цифрландыру және ЖИ бойынша белсенді жұмыс, нәтижесінде 112 млн АҚШ долларынан астам экономикалық әсерге қол жеткізілді (16-бет).



Корпоративтік басқаруды жетілдіру

Жауапкершілікті нақты бөлу, өкілеттіктерді ақылға қонымды реттеу және шешімдерді уақтылы қабылдау арқылы басқару моделін трансформациялау икемділікті сақтауға, сенімді және негізгі серіктестермен қарым-қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді. Персоналды ұстап қалуға және дамытуға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және олардың кәсіби өсуін қолдауға ерекше назар аударылады.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне алдыңғы есепті кезеңдер үшін 366 млн АҚШ доллары сомасында дивидендтер төлеу;
- ҚДР-дегі Swanmines жобасын әзірлеу мәселелері бойынша Gécamines мемлекеттік тау-кен өндіру компаниясымен бітімгершілік келісімді сәтті жасасу (36-бет);
- Қазақстанда тау-кен өндіру саласы үшін заманауи құзыреттер орталықтарын құру (28-бет) және ҚДР-де кәсіби білім беру орталығын ашу.

¹ Стратегия үш жылға есептелген; оны іске асыру 2024 жылы басталды.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- ▶ **Активтерді дамыту және қолдау**
- ▶ **Технологиялар, тиімділік және цифрландыру**
- ▶ **Құндылықты бөлу**

БҰҰ-НЫҢ ТИІСТІ ОДМ



Басқару тәсілі

Біздің басымдығымыз – тиімділікті арттыру, өндіріс көлемін ұлғайту және қосылған құны жоғары, әлеуетті түрде жоғары рентабельді өнім жасау мақсатында Қазақстандағы негізгі активтерді дамыту. Сонымен қатар біз кәсіпорындарымыздың қолданыстағы инфрақұрылымы мен қуаттардың толық әлеуетін ашу мақсатында оңтайландыру жұмыстарын жүргізіп, өндіріске бағдарланған орталықсыздандырылған бизнес-модельді қалыптастырып жатырмыз. Африкада жұмыстың негізгі бағыты – өңірдегі негізгі өндірістік активтеріміз Frontier және Metalkol-да операциялық шығындарды қысқарту және өндірісті оңтайландыру. Сонымен қатар біз қазіргі уақытта консервация режимінде тұрған активтерде өндірісті қайта бастау мүмкіндіктерін бағалап жатырмыз.

Қазақстанда Топтың минералдық-шикізат базасын кеңейту бойынша да жұмыс жүргізілуде. Бокситтерді, сирек кездесетін металдар, хром және мыс кендерін қоса алғанда, перспективалы мүмкіндіктерді анықтау және бағалау үшін ERG Exploration CRIRSCO және JORC талаптарына сәйкес келетін KAZRC стандарттарын қолданады.

Қазақстандағы стратегиялық жобалар олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге және жобаларды басқару әдіснамасын үнемі жетілдіруге бағытталған күрделі жобаларды басқару жүйесі аясында жүзеге асырылады. Африкада күрделі жобаларға сыртқы сарапшыларды тарта отырып тәуелсіз талдау жүргізіледі. 2025 жылы Топтың күрделі шығындары – 950 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 1 163 млн АҚШ доллары).

Қазақстанда тиімділік пен өнімділікті арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бұл үнемді өндіріс қағидаттарын қолдануды, кросс-функционалдық өзара іс-қимылды және қызметкерлеріміздің белсенді қатысуын көздейді. Қазақстандағы ERG Research and Development компаниясы қолданыстағы тау-кен металлургия процестерінің тиімділігін арттыру үшін технологиялық инновацияларды енгізеді, сондай-ақ Топтың әртүрлі бөлімшелерінде ауқымын кеңейтуге болатын инновациялық шешімдерді әзірлейді.

Сенімді стратегиялық серіктес

Біз жағандық энергетикалық ауысуды қолдайтын және негізгі нарықтардың стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін металдардың тұрақты әрі сенімді жеткізілімдерін қамтамасыз етуге бейілдіміз. Бұған негізгі активтерімізге дәйекті инвестициялар, қолданыстағы қуаттарды тәртіпті түрде оңтайландыру және экономикалық тиімділікке тұрақты назар аудару ықпал етеді.

Бұдан бөлек, біздің өніміміз өндірістік-өткізу тізбектері шеңберінде кепілдіктер мен бақылаудың жоғары деңгейімен қамтамасыз етілген. Бұл сатып алушыларға өздері сатып алатын өнімнің жауапты түрде өндірілгеніне және күтпеген теріс экологиялық немесе әлеуметтік салдарларға әкелмейтініне сенімділік береді. Осы салада біз қолданатын сертификаттаулар мен бағдарламалар туралы толымды ақпарат 35-бетте берілген.

БІЗДІҢ БИЗНЕСІМІЗ

АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

► «Болашақ» шахтасын игеру

Дөң ТКБК-нің «Болашақ» шахтасында жобалық қуатқа 2038 жылы шыққаннан кейін күтілетін өндіру көлемі – жылына 7,5 млн тонна кен. Тереңдігі – 1 200 метр жерасты шахтасы 2024 жылдың соңында пайдалануға берілді және Қазақстандағы ең ірі инвестициялық жобалардың бірі. Жобаға салынатын инвестициялардың жалпы көлемі 2 млрд АҚШ долларынан асады.

Өндіру қабатаралық құлату технологияларын және механикаландырылған блоктық құлату жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Өндірілетін кен Топтың қолданыстағы ферроқорытпа зауыттарына жіберіледі, бұл дайын өнімнің кейінгі экспортын қамтамасыз етеді. 2025 жылы шахтада шамамен 618 адам жұмыс істеді; бұл ретте келешекте өндірісті едәуір кеңейту мүмкіндігі қарастырылған.

Жыл бойы атқарылған жұмыстың негізгі бағыттары шахтаны игеру және оны заманауи тау-кен шахталық жабдықтар кешенімен, оның ішінде жер бетінен қашықтан басқарылатын өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен жарақтандыру болды. 2025 жылғы наурызда, сондай-ақ мамырдан шілдеге дейінгі кезеңде шахтадағы өндіру және құрылыс-монтаждау жұмыстары сутектің бірнеше рет өздігінен тұтануына байланысты уақытша тоқтатылды. 2025 жылғы тамызда түзету іс-шаралары кешені іске асырылып, мемлекеттік қадағалау органдарының қажетті рұқсаттары алынғаннан кейін жұмыс қайта басталды. Іске асырылған іс-шаралар газ-ауа қоспасын бұруға арналған ұңғымаларды бұрғылауды, шахтаның желдету жүйесінің жұмысын жақсартуды, ақпаратты шахта диспетчеріне шығара отырып, газ ортасын үздіксіз бақылау жүйесін енгізуді, сондай-ақ персонал мен көлікті позициялау жүйесін енгізуді қамтыды.

Қазақстандағы активтерді дамыту жөніндегі негізгі жобалар

Рудный қаласындағы қайта өңдеу активтері

Жоғары сапалы флюстелмеген шекемтастар шығаратын жаңа темір кені шекемтастарын өндіру зауытының құрылысына дайындық жүргізілуде. Жобалық қуатқа шыққаннан кейін өндірістің күтілетін көлемі өзіндік құны төмендетілген жағдайда жылына 5,0-5,5 млн тонна жоғары сапалы шекемтас болмақ.

Павлодар алюминий зауыты

► Жаңғырту

Өнімдік сүзгілеу учаскесін және тік кальцинация пештерін салу қамындағы ауқымды жобаны іске асыру басталды.

Бұл жобаны іске асыру өндірістік процесті жаңғыртуға ғана емес, сондай-ақ мазут тұтынуын 33%-ға қысқарту есебінен парниктік газ шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

► Галлий өндірісі

Инновациялық технологияны пайдалана отырып галлий өндірісін¹ ұйымдастыру глиноземнің сапасын арттыруға және жылына 15 тоннаға дейін жоғары таза галлий алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде Қазақстан осы маңызды металды өндіру бойынша Қытайдан кейін әлемде екінші орынға шығады.



Ферроқорытпа газымен жұмыс істейтін утилизациялық электр станциясы

Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ферроқорытпа газынан электр энергиясын өндіретін утилизациялық электр станциясының (УЭС) құрылысы басталды. Жобаға салынатын инвестициялардың жалпы көлемі 99 млн АҚШ долларын құрайды. УЭС қуаты 80 МВт-қа дейін жетеді, бұл №4 балқыту цехының дәстүрлі көздерден алынатын электр энергиясын тұтынуын 25–30%-ға қысқартуға және парниктік газ шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді.

Хромтау жел электр станциясы

Дөң ТКБК ауданындағы Хромтау жел электр станциясының (ЖЭС) барлық 24 жел турбинасын пайдалануға беру үш ай бұрын аяқталды. ЖЭС-тің белгіленген қуаты әрі қарай ұлғайту мүмкіндігімен 150 МВт межесінде (22-бет).

ERG Green

Дөң ТКБК-де шламды қалдықтарды қайта өңдейтін ERG Green жобасы шеңберінде инновациялық флотациялық байыту секциясы іске қосу-баптау режимінде пайдалануға берілді (23-бет). Жаңа секцияда ERG Research and Development компаниясы әзірлеген инновациялық технологияны пайдалана отырып ультраұсақ фракция қайта өңделеді.

ЕЭК электр станциясын жаңғырту

Қазан агрегатын жөндеу мен реконструкциялауды, сондай-ақ заманауи жабдықты (оның ішінде жаңа қоректендіргіш сорғылар мен жетілдірілген турбинаны) орнатуды қоса алғанда, ЕЭК электр станциясының №7 энергоблолын жаңғырту жұмыстары басталды.

Жоба электр станциясының электр қуатын жобалық деңгейге дейін қалпына келтіруді көздейді. Бұл қосымша электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етіп, энергиямен жабдықтау сенімділігін арттырады және ішкі нарық қажеттіліктері үшін маневрлік қуаттар құруға мүмкіндік береді.

1 Өндірісті бастау 2026 жылдың соңына жоспарланған.

АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСЫ

ҚДР-дегі активтерді оңтайландыру

2025 жылы Топтың ҚДР-дегі кәсіпорындарында операциялық тиімділікті арттыру және шығындарды қысқарту шараларын іске асыру жалғасты. Төменде іске асырылған негізгі іс-шаралар келтірілген.

Metalkol

- Гибридті өндіру әдістерін оңтайландыру және жабдықтың сенімділігін арттыру;
- Энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету және генераторларды пайдалануға байланысты шығыстарды қысқарту мақсатында энергия тұтынуды алдын ала басқару;
- Кәсіпорын қажеттіліктері үшін үшінші тарап жеткізушілерінен қышқыл сатып алудың басым бөлігін қысқартуға мүмкіндік беретін күкірт қышқылын өндіру зауытын салу жобасын жоспарлау;
- Өңделетін шикізат қасиеттерінің өзгеруін ескере отырып және реагенттер шығынын қысқарту мақсатында технологиялық процестерді жетілдіру мүмкіндіктерін зерделеу.

COMIDE

- Консервация кезеңінен кейін шектеулі көлемде өндіру жұмыстарын қайта бастау. 2026 жылы кенді қайта өңдеу толлингтік шарттар шеңберінде жүзеге асырылады;
- 2026 жылы тағы бірнеше карьерде өндіруді қайта бастау, өндіру технологияларын оңтайландыру және кен орнын игеру мерзімі бойынша болжамдардың сенімділігін арттыру үшін бұрғылау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр;
- Үшінші тарап ұйымдары заңсыз өндіру жұмыстарын жүргізіп жатқан учаскелерге қолжетімділік алу мақсатында жұмысты жалғастыру.

Frontier

- «Контур-4» жобасы шеңберінде өндіруді ұлғайту мақсатында тау-кен жұмыстары жоспарын әзірлеу, капиталды оңтайландыру және жабдықтың сенімділігін арттыру;
- Қайта өңдеу зауытының сенімділігі мен өнімділігін арттыру бойынша жұмыс;
- Қосалқы бөлшектердің қолжетімділігін арттыру, бюджеттік бақылауды күшейту және қойма қалдықтарын оңтайландыру үшін, оның ішінде цифрландыру есебінен, кәсіпорындағы сатып алу процестерінің тиімділігін арттыру.

Boss Mining

- Болашақта өндірісті қамтамасыз ету мақсатында толлингтік шарттар жасау мүмкіндіктерін зерделеу;
- Үшінші тарап ұйымдары заңсыз өндіру жұмыстарын жүргізіп жатқан учаскелерге қолжетімділік алу мақсатында жұмысты жалғастыру.

ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ¹

Цифрландыру және жасанды интеллект

2025 жылы Қазақстандағы Топ кәсіпорындарында цифрландыру бастамаларын іске асыру нәтижесінде 112 млн АҚШ доллары көлемінде экономикалық әсерге қол жеткізілді. Трансформация бойынша жүйелі жұмыс ERG-дің жоғары технологиялық компания болу жөніндегі стратегиялық мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

Трансформацияның басым бағыттары деректер аналитикасын дамытуды, процестерді автоматтандыруды және интеграцияланған корпоративтік платформаларды енгізуді қамтиды. Осы жұмыс шеңберінде Топ кәсіпорындары сымсыз байланыспен қамтамасыз етілді. Осы мақсаттар үшін құрылған жеке желі қамту аумағы 383 км² болатын Орталық Азиядағы ең ірі желіге айналды. Жұмыстың негізгі бағыттары төменде берілген.



«Қосылған қызметкер»

Qollab² цифрлық экожүйесі, персоналды позициялау жүйелері және Мобильді ТОО.



Жабдықты басқару

Тау-кен техникасы мен көлігінің жұмысын диспетчерлендіру жүйесін енгізу, жүргізушісіз самосвалдарды тәжірибелік-өнеркәсіптік режимде іске қосу³, сондай-ақ дрондар мен қашықтан басқарылатын техниканы пайдалану.



Жедел басқару

Өндірістік процестерді басқару жүйесі (MES)⁴, техникалық қызмет көрсету және жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету процестерін цифрландыру, сондай-ақ Бірыңғай жедел басқару орталығын пилоттық іске қосу.



Корпоративтік жүйелер және аналитика

Аналитикаға арналған бірыңғай деректер қоймасы, деректерді нақты уақыт режимінде көрсететін басшыларға арналған ақпараттық панель, сондай-ақ медициналық тексерулерді жүргізуді автоматтандыру.



Жасанды интеллект (ЖИ)

Қызметкерлерге жеке ЖИ-агенттерін жасауға мүмкіндік беретін өзіндік «фабрика»; энергия тұтынуды болжауға арналған ЖИ негізіндегі модельдер; конвейерлердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін «ақылды» камераларды пайдалану; шаршау белгілерін анықтау үшін жүргізушілер кабиналарына бейнебақылау камераларын орнату (сондай-ақ «компьютерлік көру» технологиясына негізделген шешімдер).

1 Цифрландыру жөніндегі барлық іс-шаралар дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес іске асырылады.

2 Осы экожүйе шеңберінде қызметкерлерге 100-ден астам цифрлық сервис қолжетімді.

3 «Восточный» резинада үш самосвал іске қосылды.

4 Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттарында, сондай-ақ ҚЭЗ, Дөң ТКБК және ССКӨБ кәсіпорындарында енгізілді.

ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАЛҒАСЫ

► «Эталонды цех»

2025 жылы Қазақстандағы Топ кәсіпорындарында озық тәжірибелерді қолдану үлгілері ретінде «эталонды цехтарды» құру жобасын іске асыру басталды. Пилоттық жобалар ССКӨБ байыту учаскесінде, Ақсу ферроқорытпа зауытының №2 балқыту цехында және Дөң ТКБК-нің кен байыту және шемтептау фабрикасында іске қосылды. «Эталонды цехтарды» құру кәсіпорындар қызметінің ERG-дің жоғары стандарттарына, оның ішінде төменде көрсетілген негізгі бағыттар бойынша, сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаларды іске асыру қазірдің өзінде елеулі әсер берді, оның ішінде жабдықтың үздіксіз жұмыс істеу уақытын ұлғайту, жөндеу тоқтауларының ұзақтығын қысқарту, сондай-ақ қызметкерлердің өндірістік жүйе құралдарын меңгеруі.



Өндіріс қауіпсіздігі



Техникалық қызмет көрсетуді басқару



Операциялық
тиімділік



Автоматтандыру
және цифрландыру



Персонал тұрақты-
лығы және оқыту



Еңбек жағдайлары және сани-
тарлық-тұрмыстық үй-жайлар



Жұмыс орындарын 5S әдістемесіне
сәйкес ұйымдастыру



Кәсіпорындарда ЖИ енгізу

Қазақстандағы Топ кәсіпорындарында өндіріс қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдер мен оқиғалар санын азайтуға, өндірістік тәртіпті арттыруға, сондай-ақ шығындар мен тоқтап тұруларды қысқартуға бағытталған бірқатар ЖИ-шешімдерін енгізу жалғасуда.

Осылайша біз Қазақстанның экономикалық күн тәртібін іске асыруды да қолдаймыз, өйткені Қазақстан Республикасының Президенті 2026 жылды Цифрландыру және ЖИ жылы деп жариялады. Негізгі бағыттардың бірі - компьютерлерге күрделі визуалды ақпаратты тануға, талдауға және түсіндіруге мүмкіндік беретін ЖИ технологиясы, яғни компьютерлік көру. 10-нан астам жоба іске асырылуда, оның ішінде:

- Дөң ТКБК-де тоқтап тұруларды талдау және жабдық жұмысын оңтайландыру үшін конвейерлердің жүктемесін жетілдірілген мониторинг;
- Дөң ТКБК-де карьерлік техниканың тежеу жүйесін тексеруді бақылау тиімділігін арттыру;
- Топ кәсіпорындарында геологиялық деректерді басқару тиімділігін арттыру үшін цифрлық платформа әзірлеу;
- Павлодар алюминий зауытында өндіріс параметрлерін тұрақтандыру мақсатында күйежентектеу сапасын бақылау тиімділігін арттыру;
- «Восточный» разрезінде ұсақтау жабдығының авариялық тоқтауларының алдын алу үшін автоматтандырылған мониторинг ұйымдастыру.

Сондай-ақ роботтандырылған және автономды техника және генеративті ЖИ саласындағы шешімдер әзірленуде.

Африкадағы кәсіпорындарда 2026 жылы предиктивті техникалық қызмет көрсету, процестерді интеллектуалды оңтайландыру және кеңейтілген деректер аналитикасы үшін бірқатар жоғары тиімді ЖИ-шешімдерін енгізу жоспарланып отыр.

Ақсу ферроқорытпа зауытында цифрландыру және ЖИ-шешімдерін енгізу

2025 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытында ЖИ-құралдарын қолданыстағы балқыту пештерін басқару жүйесіне интеграциялау бойынша пилоттық жоба іске қосылды, бастапқыда №64 пеште. Алынған деректер өндірістік процесті тұрақтандыруға, өнімділік пен энергия тиімділігін арттыруға, шығындарды төмендетуге, сондай-ақ өндіріс қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді азайтуға бағытталған ЖИ-модельін әзірлеу үшін пайдаланылды.

Бұған қосымша мынадай жобалар да іске асырылуда:

- 729 вагонның орналасқан жерін нақты уақыт режимінде мониторингпен қамтамасыз ететін теміржол көлігін басқаруға арналған Dispatch веб-қосымшасын енгізу;
- MES енгізу, ол төмендегілерге мүмкіндік береді:
 - 26 балқыту пешінің жұмысын, оның ішінде бейнекамералар көмегімен бақылауға;
 - Құю процесін бақылауға және реттеуге;
- Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерулерді автоматтандыруға.



ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БӨЛУ

► \$6 247 млн

2025 жылы жеткізушілер, қызметкерлер, акционерлер мен кредиторлар, Топ кәсіпорындары орналасқан елдердің үкіметтері және жергілікті қоғамдастықтар арасында бөлінген экономикалық құн – 6 247 млн АҚШ доллары¹ (2024 жыл: 6 506 млн АҚШ доллары). Біздің қызметіміз кәсіпорындарымыз орналасқан елдеріндегі қоғамға, оның ішінде салық төлемдері және жергілікті өндірушілерді қолдау арқылы, елеулі оң экономикалық әсер етеді.

► 58%

2025 жылы Қазақстандағы жергілікті өндірушілерден сатып алынған тауарлар мен қызметтердің үлесі 58%² (2024 жыл: 60%). Бұл ретте ішкі сатып алулардың 21%³ біздің моноқалаларымыздағы өндірушілерге тиесілі (2024 жыл: 21%). Африкада осы өңір елдерінде тіркелген компаниялардың үлесіне сатып алулардың жалпы көлемінің 89%-ы тиді (2024 жыл: 85%), оның ішінде сатып алулардың 2%-ы жергілікті қоғамдастықтардағы жеткізушілерден жүзеге асырылды.

Біз КДР-дегі жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс жүргізіп, оларға кәсіпорындарымызға қызмет көрсету үшін қажетті құзыреттерді дамытуда, сондай-ақ елде қолданылатын сертификаттау критерийлеріне⁴ сәйкестікті қамтамасыз етуде қолдау көрсетеміз.

Бразилияда сатып алулардың 100%-ы ел ішінде тіркелген компаниялардан жүзеге асырылды (2024 жыл: 100%), оның ішінде сатып алулардың 26%-ы Баия штатында орналасқан компаниялардан жүзеге асырылды (2024 жыл: 20%).

ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және одан әрі мына негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

- Топтың Қазақстандағы өндірістік активтерін одан әрі дамыту және КДР-дегі кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру;
- Топтың өндіруші, өңдеуші, қайта өңдеуші және өзге де кәсіпорындарында шығындарды қысқарту, тиімділікті арттыру және цифрландыру жөніндегі шараларды іске асыруды жалғастыру;
- Жобаны одан әрі дамыту мәселелері бойынша әлеуетті сатып алушы BAMIN-мен өзара іс-қимылды жалғастыру;
- Қазақстан мен КДР-дегі стейкхолдерлеріміз үшін ел ішіндегі құндылықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.



1 2025 жылы көрсеткіштің 2024 жылмен салыстырғанда аздап төмендеуі, ең алдымен, шығыстарды оңтайландыру және процестердің тиімділігін арттыру жөніндегі бірқатар бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде операциялық және күрделі шығындардың қысқаруына, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық қызметке жұмсалатын шығыстардың төмендеуіне байланысты болды (31-32 беттер).

2 Топшілік сатып алуларды қоспағанда. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қоса алғанда.

3 Топшілік сатып алуларды қоса алғанда. Есепке мына моноқалалар енгізілді: Ақсу, Екібастұз, Арқалық, Лисаковск, Рудный және Хромтау.

4 Мысалы, КДР жеке секторындағы қосалқы мердігерлік қызметті реттеу басқармасы (ARSP) белгілеген критерийлерге.

2025 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ДИНАМИКАСЫ¹

ТҮСІМ

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР
ДИНАМИКАСЫ

Ферроқорытпалар	Темір кені	Глинозем және алюминий	Кобальт, мыс және өзге де түсті металдар	Энергетика
\$1 960 млн ≡ -8,2%	\$985 млн ≡ -7,9%	\$1 182 млн ≡ +4,3%	\$1 623 млн ≡ +8,1%	\$364 млн ≡ -5,7%
Ферроқорытпалар 1 835 мың тонна (брутто) ≡ -1,5%	Тауарлық темір кені концентраты және шекемтастар 10 998 мың тонна ≡ +8,9%	Глинозем 1 500 мың тонна ≡ -2% Алюминий 264 мың тонна ≡ -0,3%	Тауарлық металл мыс 101,1 мың тонна ≡ -0,1% Концентраттағы тауарлық мыс 47,6 мың тонна ≡ +25,3% Тауарлық кобальт гидроксиді 5,7 мың тонна ≡ -70,0%	Көмір 34 341 мың тонна ≡ +5,6%
Өндірістің аздап қысқаруына қарамастан, металлургиялық кәсіпорындарымыздың жұмыс көрсеткіштері жалпы алғанда тұрақты болып қалды.	Оң динамика, ең алдымен, өндірісті ұлғайтуға (сұраныстың өсуін ескере отырып), сондай-ақ қуаттардың жүктемесін арттыруға байланысты болды.	- Глинозем өндірісінің қысқаруы қала тарапынан жылуға сұраныстың артуы аясында Павлодар ЖЭО-дан бу беруге қойылған шектеулерге байланысты болды. Қазіргі уақытта бұл шектеулерді жою бойынша жұмыс жүргізілуде. - Алюминий өндірісі салыстырмалы түрде тұрақты болды; бұл ретте зауыт ең жоғары қуатқа жақын деңгейде жұмыс істеуді жалғастырды.	- Metalkol кәсіпорнында металл мыс өндірісі тұрақты болып қалды. - Frontier кәсіпорнында концентраттағы мыс өндірісінің өсуі, ең алдымен, кендегі мыс құрамының артуына, сондай-ақ өткен жылы «Контур-4» жобасы шеңберінде өндірісті ұлғайтудағы кідірістер нәтижесінде өндіріс динамикасының теріс болуына байланысты болды. - Кобальт өндірісінің қысқаруы ҚДР-де экспортқа уақытша тыйым салудың және квоталау жүйесінің енгізілуіне байланысты болды.	- Энергетикалық көмір өндірісінің өсуіне Екібастұз бен Шұбаркөлдегі кәсіпорындар жұмысының тұрақты динамикасы, сондай-ақ шұбаркөл көмірінің экспорттық жеткізілімдері көлемінің ұлғаюы ықпал етті. - Электр энергиясын босату аздап қысқарды, бұл негізінен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды.

1 Жылдық мәндегі өзгерісті қоса алғанда.

2025 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ДИНАМИКАСЫ

Ферроқорытпалар

- ▶ 2025 жылдың басында Еуропа мен АҚШ нарықтарында феррохром бағасы төрт жылдық минимумға дейін төмендеді, алайда екінші тоқсаннан бастап қайта өсе бастады және жыл қорытындысы бойынша тиісінше 17% және 26%-ға артты. Бұған ЕО нарықтарының қалпына келуі және АҚШ-тағы қолайлы конъюнктура ықпал етті.
- ▶ Қытай нарығында қаңтарда тендерлік баға ішкі нарықта феррохром ұсынысының артық болуы жағдайында бес жылдық минимумға жетті, бірақ бірінші жартыжылдықта металлургиялық кәсіпорындардың өндірісті қысқартуы нәтижесінде нарықтағы тепе-теңдіктің қалпына келуі арқасында жыл соңына қарай 24%-ға өсті.

Темір кені

- ▶ Темір кені бағасы тоннасына 100 АҚШ долларынан төмен түскен әлсіз бірінші жартыжылдықтан кейін нарық тоннасына 100-110 АҚШ доллары диапазонында тұрақтанды. Қытайдың құрылыс секторының әлсіреуіне және болат нарығына әсер еткен сауда тәуекелдеріне байланысты қысым экспорттаушылар тарапынан жеткізілімдердің қалыпты өсуімен, жоғары сұрыпты темір кенін өндіру шығындарының инфляциясымен және дамушы нарықтардағы жоғары сұраныспен ішінара өтелді.

Глинозем және алюминий

- ▶ Волатильділікке қарамастан, 2025 жылы LME-де алюминий бағасы 17%-ға өсті және желтоқсанға қарай тоннасына 2 900-3 000 АҚШ долларына жетті. Бұл Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты 2022 жылғы баға секірісінен бергі ең жоғары деңгей болды. Өсу Қытайдағы өндірістің жылына 45 млн тонна қуат лимитіне жақындауы және энергия ресурстарына жоғары шығындар салдарынан еуропалық алюминий зауыттарының жұмысындағы шектеулер аясында бастапқы алюминий ұсынысының тапшылығына байланысты болды. Бағаны сондай-ақ күн энергетикасы, электро-мобильдер секторы, құрылыс және инфрақұрылым тарапынан сұраныстың тұрақты өсуі қолдады.

Кобальт, мыс және өзге де түсті металдар

- ▶ Кобальттың орташа бағасы фунтына – 16,1 АҚШ доллары, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 43%-ға жоғары. Төмендеу кезеңінен кейін баға ҚДР 22 ақпаннан бастап экспортқа тыйым салғаннан кейін қалпына келді¹. Бұл шара ұсыныс шогын тудырып, үш апта ішінде бағаның шамамен 65%-ға өсуіне әкелді және нарықтағы шиеленісті жыл соңына дейін сақтады.
- ▶ 2025 жылы мыс бағасы электрлендіруге байланысты сұраныс пен ұсыныс тапшылығы аясында өсті.
- ▶ LME-де мыс бағасы 44%-ға, тоннасына 8 686 АҚШ долларынан 12 504 АҚШ долларына дейін өсті. Бұл ретте қорлардың төмен деңгейіне және кен орындарын игерудегі іркілістерге байланысты баға ауытқулары байқалды.

Энергетика

- ▶ 2021-2022 жылдардағы энергетикалық дағдарыс кезінде жоғары деңгейде болған көмір бағасы орташа жылдық мәнде төмендеді, бірақ пандемияға дейін байқалған номиналды орташа мәндерден әлі де жоғары болды.

1 Қазанда тыйым алынғаннан және экспорттық квоталар енгізілгеннен кейін сауда қайта жанданды.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- Ауаға және суға әсерді басқару
- Энергия және климаттың өзгеруі
- Қалдық қоймалары мен қалдықтарды басқару

БҰҰ-НЫҢ ТИІСТІ ОДМ



Басқару тәсілі

Қазақстандағы Топтың негізгі кәсіпорындары ISO 14001 және ISO 50001 экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері стандарттары бойынша сертифицирталған. Олардың қызметі 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді көздейтін ERG Декарбонизация стратегиясымен қамтылған. Африкадағы кәсіпорындарда ISO 14001 талаптары ескерілген Денсаулық, өндіріс қауіпсіздігі және орнықты даму саласындағы басқару жүйесі (SHS) қолданылады. Metalkol кәсіпорнында 2026 жылы осы стандарт бойынша сертификат алу жұмысы жүргізілуде. Бразилияда BAMIN жобасы шеңберінде экологиялық лицензиял талаптары мен нормативтік міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ететін экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген.

Сондай-ақ экологиялық деректерді басқару тиімділігін арттыру жұмысы жүргізілуде. Атап айтқанда, ЕЭК-те ластану және қалдықтардың түзілуі жөніндегі деректерді, сондай-ақ іс-шаралар мен олардың іске асырылу мәртебесін қадағалауға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық жүйе тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

Біздің экология саласындағы жұмысымыз қызметімізге байланысты ең маңызды әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескереді. Атап айтқанда, ол мыналарды қамтиды:

- Экологиялық стратегияны іске асыру шеңберінде халықаралық экологиялық стандарттарды енгізуді қоса алғанда, Қазақстанда атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын қысқарту;
- Парниктік газ шығарындыларының негізгі үлесі тиесілі Қазақстандағы кәсіпорындарда Декарбонизация стратегиясын іске асыру;
- Қазақстан мен ҚДР-де қалдықтарды қайта өңдеуді қоса алғанда, айналмалы экономика қағидаттарына сәйкес келетін мүмкіндіктерді іске асыру.

Жоғары көміртекті феррохромның өмірлік циклін бағалау

Қазақстанның тау-кен металлургия секторында алғаш рет ERG ISO 14040 бойынша жоғары көміртекті феррохромның өмірлік циклін бағалауды әзірлей бастады. Бұл ERG өнімін расталған экологиялық сипаттамаларымен ЕО-ға және басқа өңірлерге экспорттау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жұмыс сатып алушылар мен стейкхолдерлердің кең ауқымына ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында ISO 14025 бойынша экологиялық таңбалауды әзірлеуді қамтиды. 2026 жылғы наурызда жоғары көміртекті феррохромға арналған өнімнің экологиялық декларациясы (EPD) жарияланып, еуропалық EPD операторының тізіліміне енгізілді.

Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы тәуелсіз экологиялық аудит

SGS компаниясы Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ұлттық заңнама талаптары мен ЕО директиваларына, оның ішінде үздік қолжетімді технологияларды (ҰҚТ) қолдану талаптарына сәйкестікті бағалау мақсатында тәуелсіз экологиялық аудит жүргізді. Аудит нәтижелері осы талаптарға сәйкестіктің жоғары деңгейін растады, сондай-ақ ұсынымдар мен нысаналы іс-шаралар жоспарын дайындау кезінде ескерілді. Осындай аудиттерді Топтың басқа кәсіпорындарында да жүргізу жоспарланып отыр.



ЭКОЛОГИЯ

АУАҒА ЖӘНЕ СУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

► 56%

2030 жылға қарай Топтың Қазақстандағы негізгі кәсіпорындарында жоғары тиімді сүзгілерді орнату атмосфералық ауаға қатты бөлшектер шығарындыларын 56%-ға қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

2025 жылы сүзгілер Қазақстан алюминий кәсіпорнына және Ақсу ферроқорытпа зауытына орнатылды. Павлодар алюминий зауытының бірнеше күйежентектеу пештерінде орнатылған жаңа гибриді сүзгілер қатты ластаушы заттарды қармаудың шамамен 100%-дық тиімділігін қамтамасыз етті. Бұдан бөлек, ЕЭК Ақсу электр станциясында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін үш гибриді сүзгіні орнатуға шарт жасалды. Бұл жұмыс Қазақстандағы металлургиялық және энергетикалық өндірісті атмосфералық ауаға қатты бөлшектер шығарындылары саласындағы Еуропалық одақта қабылданған стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған, құны 500 млн АҚШ долларына құрайтын 10 жылдық Экологиялық стратегияны іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Қазақстандағы автоматтандырылған мониторинг жүйесі

Қазақстандағы міндетті мониторингке жататын Топтың барлық кәсіпорындарында атмосфера-лық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын және сарқынды сулардың төгінділерін нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған мониторинг жүйесі жұмыс істейді. Мониторинг 57 шығарынды көзінде, сондай-ақ екі төгінді пунктінде жүргізіледі. Сонымен қатар бірқатар кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасында жеті мониторинг пункті жұмыс істейді.

► 1 981 млн м³

2025 жылы ERG кәсіпорындарында су тұтынудың жалпы көлемі 1 981 млн м³ құрады (2024 жыл: 1 966 млн м³). Бұл көлемнің 92%-ы ЕЭК электр станциясының салқындату жүйесінде пайдаланылады да, кейін Ертіс өзеніне қайтарылады.

Жыл бойы су тұтынуды қысқарту жөніндегі шараларды іске асыру жалғасты. Оған ССКӨБ ЖЭО-да күл-қож қалдықтарын тасымалдауды ұйымдастыруды өзгерту, атап айтқанда жылыту маусымынан тыс кезеңде қос құбырдан бір құбырға ауысу кірді. Бұл кәсіпорындағы жыл сайынғы су тұтынуды қысқартуға мүмкіндік береді.

2026 жылға Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы бастапқы суды дайындау қондырғысын жаңғырту жоспарланған. Бұл оның өткізу қабілетін арттыруға, су сапасы бойынша қолданыстағы нормативтердің сақталуын қамтамасыз етуге және Елек өзенінен су алуды қысқартуға мүмкіндік береді.



ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

► 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығы

Қазақстандағы Топтың Декарбонизация стратегиясында 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелер бекітілген (*erg.kz*, *Климаттың өзгеруі* бөлімін қараңыз)¹. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін тиімділікті арттыруды, жаңартылатын энергетиканы дамытуды, табиғи газды пайдалануды, өндірістерді жаңғырту мен электрлендіруді, сондай-ақ ферроқорытпа өндірісінің қалдық газдарын пайдалана отырып электр энергиясын өндіруді көздейтін кешенді тәсіл қажет.

Мысалы, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының электр энергиясына қажеттілігінің 37%-ы жаңартылатын² қуаткөзі есебінен қамтамасыз етіледі, ал Дөң ТКБК-де бұл көрсеткіш 34%³. Бұдан бөлек, 2025 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауыты жанында ферроқорытпа газымен жұмыс істейтін жаңа утилизациялық электр станциясын салуға ЕРС⁴-келісімшарт жасалды (15-бет). Сондай-ақ Павлодар алюминий зауыты мен ССКӨБ-ді жаңғырту жоспарлары бекітілді, оларды іске асыру парниктік газ шығарындыларын қысқартуға ықпал етеді.



► -440 мың тонна CO₂-бал.

2025 жылы тамызда Дөң ТКБК ауданындағы қуаты 150 МВт Хромтау жел электр станциясы пайдалануға берілді. Бұл жылына 440 мың тонна көлеміндегі парниктік газ шығарындыларының алдын алуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Жалпы құны 155 млн АҚШ доллары болатын, 24 жел турбинасынан тұратын жел электр станциясы Дөң ТКБК мен Ақтөбе ферроқорытпа зауытының қажеттіліктеріне жылына 500 млн кВт*сағ-тан астам электр энергиясын өндіреді. Қазір біз қосымша жел турбиналарын орнату есебінен жобаны кеңейту мүмкіндігін қарастырып жатырмыз, бұл оны іске асыру әсерін қосымша арттыруға мүмкіндік береді.

Metalkol энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру

2025 жылы ERG ҚДР-де кернеуі 120 кВ және ұзындығы 48,4 км Nseke-RO қалпына келтірілген электр беру желісінің бірінші тізбегін пайдалануға берді. Бұл желі Metalkol-ды, сондай-ақ басқа тұтынушылар мен жергілікті қоғамдастықтарды энергиямен жабдықтайды және бұрын Замбиядан электр энергиясын импорттау кезінде инфрақұрылымдық шектеу болған. ERG жұмыстарды ұлттық энергетикалық компания SNEL-мен өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде қаржыландырады.⁵

Жоба Metalkol-дың энергиямен жабдықтауындағы үзілістердің жиілігі мен ауқымын азайтуға, кәсіпорынның көміртегі сыйымдылығы жоғары әрі қымбат дизельдік генерацияға тәуелділігін қысқартуға, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарды қоса алғанда, басқа тұтынушылар үшін электр энергиясына қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Қалпына келтірілген желі арқылы берілетін барлық электр энергиясы гидроэлектр станцияларында өндіріледі.

1 2035 жылға қарай өнімнің негізгі түрлерінің көміртегі ізін 30%-ға қысқарту жөніндегі аралық мақсатты қоса алғанда.
2 Оның ішінде 35%-ы үшінші тарап жеткізушілерінен сатып алынатын энергия есебінен және 2%-ы Хромтау жел электр станциясы өндіретін энергия есебінен.
3 Хромтау жел электр станциясы өндіреді.

4 Жобалау, жабдықтау және құрылыс.
5 Құны 21 млн АҚШ доллары болатын электр беру желісін қалпына келтіру жобасы осы өңірде қызметін жүзеге асыратын бес ірі тау-кен өндіру компаниясының бірлескен жұмысы шеңберінде іске асырылды. Олардың әрқайсысы жергілікті энергия желісінің негізгі учаскелерін қалпына келтіру жөнінде міндеттеме алды.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖАЛҒАСЫ

Энергия тұтыну және парниктік газ шығарындылары

Топ кәсіпорындарының басым бөлігі шоғырланған Қазақстанда тұтынылатын электр энергиясының басым бөлігі (81%) көмірден өндіріледі. Ол – Қазақстан Топтың парниктік газ шығарындыларының негізгі көзі (олардың жалпы көлемінің 99%-ы). Сонымен қатар Африкадағы (онда негізінен гидроэлектр энергиясы пайдаланылады) және Бразилиядағы (онда Топтың қызметі шектеулі) кәсіпорындарымыздың көміртегі ізі елеусіз.

Қазақстандағы Топ кәсіпорындарында парниктік газ шығарындыларын есепке алудың жаңа автотоматтандырылған жүйесі шығарындылардың негізгі көздерін қамтиды.

Энергия тұтыну (ТДж)

Түрі	2025	2024
Тікелей	271 118	272 862
Жанама ¹	7 322	5 337
Барлығы	278 440	278 199

Парниктік газ шығарындылары (млн тонна CO₂-бал.)

Түрі	2025	2024
Тікелей шығарындылар (Қамту 1) ²	29,2	29,6
Жанама шығарындылар (Қамту 2) ³	0,03	0,1
Барлығы	29,2	29,7

Қазақстанда көміртегі ізін қысқарту

Қазақстандағы ERG ферроқорытпа зауыттарында парниктік газ шығарындыларын қысқарту қамын-дағы жұмыс жалғасуда. Атап айтқанда, көміртегі сыйымдылығы ең жоғары кәсіпорындарда нәтижелері тәуелсіз расталған көміртегі ізін бағалау жүргізілді. Бұдан бөлек, дайын өнім өндіру кезінде құрамында хром бар қалдықтарды қайта пайдалануды көздейтін жаңа технологиялық процестер әзірленді.

Мұндай тәсіл өнім сапасына нұқсан келтірмей, энергия тұтынуды, тотықсыздандырғыштарға қажеттілікті және, соның нәтижесінде, парниктік газ шығарындыларының көлемін төмендетеді. Біз көміртегі ізі төмендетілген осындай қорытпалардың шектеулі көлемін өндіреміз және оларды тот баспайтын болаттан жасалған өнімдеріне байланысты Қамту 3 бойынша парниктік газ шығарындыларын қысқартуға ұмтылатын клиенттерге ұсынамыз.

1 Топ кәсіпорындарында өндірілген электр энергиясының ішкі сатып алуларын есепке алмағанда.

2 Яғни ERG бақылайтын өндіру, өндіріс және көлік қызметінде қолданылатын, электр энергиясын өндіруге, жылытуға/бу өндіруге пайдаланылатын тікелей көздерден энергия тұтыну нәтижесіндегі парниктік газ шығарындылары (тек CO₂, CH₄ және N₂O), сондай-ақ Қазақстандағы технологиялық процестердегі парниктік газ шығарындыларының өзге көздері. Есептеу коэффициенттері стационарлық және мобильді көздер қызметі нәтижесінде парниктік газдың ұлттық есебін жүргізу бойынша Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының 2006 жылғы Нұсқаулық қағидаттарынан алынған. Заңнамалық талаптар мен ұлттық әдістемелерге сәйкес Қазақстандағы квоталауға жататын кәсіпорындарда парниктік газ шығарындыларына түгендеу де жүргізіледі. Нәтижелерді тәуелсіз аккредиттелген орган ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ете отырып растайды.

ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

► 1,7 млн тонна

2023 жылы Дөң ТКБК-де ERG Green жобасының бірінші кезеңі іске қосылған сәттен бастап 1,7 млн тонна шламды қалдық қайта өңделді. 2025 жылы құрамындағы хром мөлшері 48,5% болатын 202 мың тонна хром концентраты өндірілді. Флотациялық байытудың инновациялық секциясы да іске қосу-баптау режимінде іске қосылды, бұл алу коэффициентін қосымша арттыруға мүмкіндік береді.

Перспективада ERG Green жобасы жылына 500 мың тоннадан астам хром концентратын өндіруді қамтамасыз етеді деп күтілуде. Жоба қалдықтарды басқару, ластанудың алдын алу және су пайдалану саласында оң әсер етеді, сондай-ақ Жасыл кредиттеу қағидаттарына⁴ сәйкес келеді. Процестің көміртегі сыйымдылығының төмен болуы клиенттерге өз өнімдерімен байланысты Қамту 3 бойынша парниктік газ шығарындыларын қысқартуға да мүмкіндік береді (қарама-қарсы жақтан қараңыз).

ERG Recycling

2025 жылы ERG Recycling компаниясы Қазақстанда 1,1 млн тонна өнеркәсіп қалдығын қайта өңдеді (2024 жыл: 730 мың тоннадан астам), оның ішінде төменде көрсетілген бағыттар бойынша.

Бұған қосымша пластиктің, күлдің және алюминийдің шағын көлемдерін қайта өңдеу де жүргізілді. Көрсетілген бағыттардан түскен түсім – 13,5 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 14,9 млн АҚШ доллары)⁵.

Жоба	Қайта өңдеу көлемі (тонна)
Қожды қайта өңдеу (Ақсу ферроқорытпа зауыты)	489 802 (21 мың тоннадан астам металл хром алу арқылы)
Қожды қайта өңдеу (Ақтөбе ферроқорытпа зауыты)	319 494 (5 мың тоннадан астам металл хром алу арқылы)
Хромитті жартылай фабрикатты сұрыптау	95 830
Тас толтырғышты ұсақтау	92 598
Марганец кенін өндіру қалдықтарын қайта өңдеу	84 665
Бетон өндіру	15 476

3 Яғни ERG-ге тиесілі емес және оның операциялық бақылауында болмайтын үшінші тарап жеткізушілерінен сатып алынған жанама көздерден энергия тұтыну нәтижесіндегі парниктік газ шығарындылары. Қазақстанда сатып алынған электр энергиясы және сатып алынған жылу мен бу энергиясы үшін есептеу коэффициенттері Қазақстан Республикасының 2022 жылғы отын-энергетикалық балансы негізінде есептелген. Бразилияда сатып алынған электр энергиясы үшін есептеу коэффициенттері электр энергиясын жеткізушінің деректеріне негізделген.

4 Осы Қағидаттарға сәйкестік 2024 жылғы желтоқсанда АХҚО Жасыл қаржы орталығымен (gfc.aifc.kz) расталды.

5 Топішілік сатуларды қоса алғанда.

ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖАЛҒАСЫ

► **7,7 млн тонна**

2025 жылы ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорны үшінші тарап кәсіпорындарының қордаланған 7,7 млн тонна қалдықтарын (оның ішінде 3,7 млн тонна құрғақ қалдық және Мусонои өзенінен алынған 4,0 млн тонна қалдық) қайта өңдеп, кейін оларды заманауи әрі мұқият бақыланатын қалдық қоймасына орналастырды.

Нәтижесінде 101,1 мың тонна мыс және 5,7 мың тонна¹ кобальт гидроксиді өндірілді (2024 жыл: 101,0 мың тонна / 19 мың тонна). Қайта өңдеу жалғасқан сайын Metalkol жинақталған қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін біртіндеп төмендетіп, бұрын бұзылған аумақтарды қалпына келтіретін болады.



ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және одан әрі мына негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланған:

- Қазақстандағы негізгі кәсіпорындарда қатты бөлшектер шығарындыларын қармауға арналған жоғары тиімді сүзгілерді орнату жұмыстарын жалғастыру;
- Қазақстанда парниктік газ шығарындыларын қысқартуға бағытталған жобаларды іске асыруды жалғастыру, оның ішінде электр энергиясын өндіру үшін артық кокс газын кәдеге жарату және қалдық жылуды пайдалану, өнеркәсіптік бу тұтынуын қысқарту және Павлодар алюминий зауытындағы жабдықты жаңғырту, сондай-ақ «Восточный» кенішінде электр қозғалтқыштары бар самосвалдарды тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануды бастау және ЖЭК портфелін кезең-кезеңімен дамыту. Бұдан бөлек, Metalkol кәсіпорнында күн электр станциясын (және энергия жинақтау жүйесін) салуды, сондай-ақ жабдықты жаңғыртуды және операциялық әрі энергетикалық тиімділікті арттыру шараларын көздейтін Декарбонизация жоспары іске асырылып жатыр;
- ERG-дің Африкадағы кәсіпорындарының Қалдық қоймаларын басқарудың жаһандық салалық стандартының (GISTM) талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қалдық қоймаларын басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.

¹ Кобальт гидроксиді өндірісінің едәуір қысқаруы ҚДР Үкіметі сол жылдың ақпанында экспортқа уақытша тыйым салғаннан кейін, 2025 жылғы мамырда өндірісті тоқтата тұру туралы қабылданған шешімге байланысты болды. Кейіннен 2025 жылғы қазанда бұл тыйым экспорттық квоталар жүйесімен ауыстырылғаннан кейін сауда қайта жанданды.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі
- Персоналды тарту, дамыту және ұстап қалу
- Еңбек қатынастары
- Жергілікті қоғамдастықтарға әсер
- Әлеуметтік инвестициялар

БҰҰ-НЫҢ ТИІСТІ ОДМ



Басқару тәсілі

Қызметкерлер

Денсаулық пен өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің ағымдағы қызметіміздің ажырамас бөлігі, және біз жарақатқа мүлдем жол бермеуге қол жеткізу үшін белсенді жұмыс жүргізіп келеміз. ERG-дің Қазақстандағы кәсіпорындары ISO 45001 халықаралық стандарты бойынша сертифицирталған. Африка¹ мен Бразилиядағы кәсіпорындарда енгізілген еңбекті қорғауды басқарудың кешенді жүйелері де осы стандартты ескере отырып әзірленген. Біз икемді әрі инновацияға бағдарланған жұмыс күшін қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргіземіз, сондай-ақ қызметкерлермен, оның ішінде кәсіподақ ұйымдарымен конструктивті өзара іс-қимыл арқылы, оң қарым-қатынастарды қолдауға ұмтыламыз.

ERG кәсіпорындары орналасқан елдердің адам құқықтары және еңбек заңнамасы талаптарын сақтайды, жұмыс орнында қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке немесе қысым көрсетуге жол бермейді, сондай-ақ мәжбүрлі және балалар еңбегін пайдалануға тыйым салады.

Жергілікті қоғамдастықтар

Біз қызметіміздің ықтимал қолайсыз әсерін барынша азайтуға ұмтыламыз.

Қазақстанда әсерлерді басқару халықаралық экологиялық менеджмент жүйелері арқылы, сондай-ақ әсерді бағалау, қоғамдық тыңдаулар және әлеуметтік сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады (30-бет). Африкада интеграцияланған Денсаулық, өндіріс қауіпсіздігі және орнықты даму саласындағы басқару жүйесі (SHS), сондай-ақ кәсіпорындарда қолданылатын стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жоспарлары және шағымдарды беру мен реттеу тетіктері пайдаланылады. Біз сондай-ақ жергілікті стейкхолдерлермен ынтымақтастықта адам құқықтарының сақталуына кешенді тексеру жүргіземіз. Бұдан бөлек, бес жылда бір рет немесе елеулі операциялық өзгерістер болған жағдайда экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау нәтижелері мен әсерлерді басқару жөніндегі тиісті бағдарлама қайта қаралады. Бразилияда шағымдарды басқару үшін сыртқы жүйе пайдаланылады.

Біз сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам ұйымдарымен әріптестік шеңберінде жүзеге асырылатын әлеуметтік инвестициялар арқылы оң әсерімізді күшейтуге ұмтыламыз (31-бет).

¹ Metalkol кәсіпорны ISO 45001 стандарты бойынша ресми сертифицирлауды алу мақсатында жұмысын жалғастыруда.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ

Жарақатқа мүлдем жол бермеуге ұмтылу

2025 жыл ERG-де «Қауіпсіздік жылы» деп жарияланды. Біз қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыруға, озық цифрлық технологияларды енгізуге және өндірістік тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараларды іске асырып жатырмыз. Атап айтқанда, Қазақстанда бұл төмендегілерді қамтыды¹:

- Пилоттық іске қосу сәтті аяқталғаннан кейін барлық өндірістік алаңдарда ауысым алдындағы тексерулерді жүргізу үшін негізгі тәуекелдерді бақылаудың цифрлық құралын енгізу;
- Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жүргізу алдында қауіпті энергия көздерін оқшаулау үшін жабдықты бұғаттау және таңбалау жүйесін (LOTO) енгізу;
- Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру үшін электрондық наряд-рұқсаттар жүйесін енгізу;
- ЖИ-шешімдері мен видеоаналитиканы енгізу, оның ішінде 264 самосвалды жүргізушілердің шаршауын бақылауға арналған ЖИ-жүйелерімен жарақтандыру, сондай-ақ камералар мен датчиктерден деректер алатын және нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізетін жаңа ахуал орталығын іске қосу;
- Қашықтан және радиобасқаруды тестілеуді қоса алғанда, крандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілін жетілдіру;
- Жеке қорғаныш құралдарын беру жеделдігін, есепке алу тиімділігін және нормативтік талаптардың сақталуын арттыру мақсатында оларды беру процесін цифрландыру;
- Кеңейтілген кіріспе нұсқаманы өткізуді қоса алғанда, мердігерлердің жұмысын бақылауды күшейту;
- Қауіпсіздік мәдениеті мен өндірістік тиімділікті арттыруға, сондай-ақ ішкі стандарттарды жетілдіруге бағытталған «Эталонды цех» жобасын іске қосу (17-бет).

2026 жылғы ақпанда Қазақстандағы кәсіпорындар үшін ҚжЕҚ саласындағы жаңа саясат бекітілді. Ол қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өндірістік тәуекелдердің алдын алу мақсатында негізгі қағидаттарды айқындайды.

Бұдан бөлек, барлық қызметкерлер жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. Жыл бойы міндетті ауысым алдындағы медициналық тексерулерді автоматтандыру жалғасты. Сондай-ақ 2025 жылы төмендегілер жүргізілді:

- Ықтимал қауіпті жұмыстарды орындайтын 8,1 мыңнан астам қызметкердің денсаулық жағдайын тереңдетілген медициналық бағалау;
- 7,2 мыңнан астам қызметкерге кардиоскрининг жүргізу.

Осы іс-шаралардың нәтижелері бойынша 16,6 мыңнан астам қызметкерге кәсіби аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту жөніндегі жеке жоспарлар әзірленді.

Африкадағы барлық кәсіпорындарда «Өмірлік маңызды ережелер»² жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Қалдық қоймаларын басқарудың жаһандық салалық стандартының талаптарына сәйкес төтенше жағдайларға дайындықты арттыру жөніндегі шаралар іске асырылды, сондай-ақ өндіріс қауіпсіздігі саласындағы ҚНҚ қайта қаралды. Бұдан бөлек, Metalko кәсіпорнында қауіпсіздік бойынша жаңа нұсқама бағдарламасы, ал Frontier кәсіпорнында қауіпсіздік мәдениетін дамыту және басшылардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы енгізілді.

>28 мың респондент

Қазақстандағы 28 мыңнан астам қызметкер (2024 жыл: 33 мың)³ әл-ауқат деңгейін кешенді бағалауға арналған жыл сайынғы зерттеуге қатысты. Нәтижелер кәсіби даму мүмкіндіктері мен еңбек жағдайларына қанағаттану деңгейінің өскенін көрсетті. Әлеуметтік әл-ауқат көрсеткіштері тұрақты түрде жоғары болып отыр, бұл ұжымдағы сенім мен өзара құрметті, сондай-ақ қызметкерлердің жұмыс орнында сенімді қолдауды сезінетінін көрсетеді. Сонымен бірге қаржылық әл-ауқат саласында жақсарту қажеттілігі атап өтілді. Атап айтқанда, қызметкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыру және сыйақы мәселелері бойынша коммуникацияны жақсарту мүмкіндіктері анықталды.

Зерттеу нәтижелері жыл сайын талданып, қызметкерлердің әл-ауқатына арналған кешенді ERG Care бағдарламасы шеңберінде ескеріледі. Біз сондай-ақ «Психологиялық қауіпсіздік» бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық, оның шеңберінде 980-нен астам желілік басшы оқудан өтті. Бұдан бөлек, 5,5 мың қызметкер психологпен тренингтерге, ал 7,6 мыңнан астам қызметкер психологиялық әл-ауқатты арттыруға бағытталған басқа бастамаларға қатысты.

2025 жылы Қазақстандағы Топ кәсіпорындарының барлық қызметкерлерінің жалақысы да көтерілді.

Өндіріс қауіпсіздігінің көрсеткіштері

2025 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан Компанияның екі қызметкері және мердігер ұйымдардың үш қызметкері қаза тапты (2024 жыл: Компанияның 11 қызметкері және мердігер ұйымның бір қызметкері). Барлық жазатайым оқиғалар Қазақстандағы кәсіпорындарда орын алды. Біз қаза тапқандардың туыстары мен әріптестеріне, сондай-ақ осы қайғылы оқиғалардан зардап шеккен жергілікті тұрғындарға қайғыра көңіл айтамыз.

Көрсеткіш	жылдар бойынша		өңірлер бойынша		
	2025	2024	Қазақстан	Африка	Бразилия
Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар	Қызметкерлер	2	11	2	0
	Мердігерлер	3	1	3	0
Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттар	Қызметкерлер	105	116	103	2
	Мердігерлер	15	12	12	3
Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтумен жарақат алу жиілігі	Тек қызметкерлерге қатысты, оның ішінде өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар	0,95	1,12	1,07	0,15

1 Бұдан бөлек, бірқатар басқа іс-шара іске асырылды, оның ішінде Ақтөбе ферроқорытпа зауытында «Safe Start» қауіпсіздік мәдениетін трансформациялау бағдарламасын пилоттық іске қосу; басшылардың қатысуымен алғашқы жыл сайынғы Қауіпсіздік форумын өткізу; Дөң ТКБК-нің жерасты қазбаларында персоналды позициялау жүйесін енгізу; өндіріс қауіпсіздігін талдау және мониторингтің, сондай-ақ «Болашақ» шахтасында түзету іс-шараларын іске асыру (15-бет); ССКӨБ-де автоматты өрт сөндіру жүйесін тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізу; сондай-ақ көмір дивизионында жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі пилоттық жобалар.

2 Өлімге әкелетін тәуекелдердің алдын алу рәсімдері.

3 Сауалнама бес негізгі саланы қамтиды: денсаулық, әлеуметтік, кәсіби және қаржылық әл-ауқат, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасы.

4-5 Тек қызметкерлер. Өлімге әкелген жазатайым оқиғаларды қоса алғанда.

ПЕРСОНАЛДЫ ТАРТУ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰСТАП ҚАЛУ

► 60 мың қызметкер

Қазақстанда ERG корпоративтік университеті¹ базасында шамамен 60 мың қызметкер оқудан өтті (2024 жыл: 44 мың). Бұл ERG персоналының трансформациясына ықпал етеді және бизнестің ағымдағы әрі болашақ қажеттіліктеріне жауап береді. 2025 жылы 260 мың оқыту іс-шарасы өткізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 57%-ға көп. Өсім көптеген қызметкердің бірнеше оқыту іс-шарасына қатысуына байланысты болды. Корпоративтік университет ERG білім беру экожүйесінің бір бөлігі және түсінікті мансаптық траекторияларды қалыптастыруға, сондай-ақ жұмысшы кәсіптерінің өкілдерінен бастап атқарушы басшылыққа дейін қызметкерлердің үздіксіз дамуына ықпал етеді.

2025 жылы Корпоративтік университет EFMD LIFT Learning Impact стандарты бойынша сертификат алды². Бұдан бөлек, біз ACCA Approved Employer мәртебесін сақтауды жалғастырып келеміз³. Сондай-ақ құзыреттерді кеңейтілген бағалау, жоғары әлеуеті бар қызметкерлерді жедел дамыту және корпоративтік мәдениетті трансформациялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасты.

Африкада біз қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамытуға арналған инвестицияларды 1,2 млн АҚШ долларына дейін едәуір ұлғайттық (2024 жыл: 230 мың АҚШ доллары). Негізгі назар көшбасшылық дағдыларды дамытуға және техникалық оқытуға аударылды.

► Болашаққа дайындық

Жас таланттарды тарту және ұстап қалу күрделі міндет болып қала беретін, ал цифрландыру мен жасанды интеллект бәсекелі артықшылыққа айналып келе жатқан салада Топтың жас мамандарды тарту және ұстап қалу қабілеті стратегиялық тұрғыдан маңызды. Топ қызметкерлерінің шамамен 34%-ы 35 жасқа толмаған. Осы санаттағы қызметкерлерді қолдау үшін біз оларды дамытуға, сондай-ақ олардың әл-ауқаты мен дамуын қолдауға арналған бағдарламалар кешенін іске асырамыз. Біз сондай-ақ жұмысшы кәсіптерін қолдау және Қазақстандағы білім беру жүйесін трансформациялау есебінен болашақ кадрлық резервті нығайтамыз (28-бет).

Бұдан бөлек, біздің салада тарихи тұрғыдан жеткіліксіз ұсынылған әйелдердің Топ қызметкерлерінің жалпы санының шамамен 24%-ы екенін мақтан тұтамыз. 2025 жылы біз қызметкер әйелдерді қолдауды мақсатты бастамалар есебінен күшейттік, оның ішінде Хромтаудағы (Қазақстан) ALQA әйелдер клубы өзара қолдау, білім алмасу және мансаптық даму платформасы ретінде қызмет етеді.



Өңірлер бойынша персонал саны

 Қазақстан 59 618 2024 жыл: 61 433	 Африка 4 074 2024 жыл: 4 955
 Бразилия 74 2024 жыл: 180	Корпоративтік кеңселер ⁴ 140 2024 жыл: 145
Барлығы: 63 906 2024 жыл: 66 713	

1 Оқыту мына бағыттар бойынша бес мамандандырылған академия базасында жүргізіледі: «Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі», «Технологиялар және өндіріс», «Техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Көшбасшылық», «Жобалық басқару және цифрландыру».

2 Толымды ақпарат efmdglobal.org сайтында.

3 ACCA Approved Employer мәртебесі қызметкерлердің ACCA біліктілігін алуына қолдау көрсетуді қоса алғанда, персоналды оқыту мен дамыту саласындағы жоғары стандарттарды ұстанатын ұйымдарға беріледі. Толық ақпарат accaglobal.com сайтында ұсынылған.

4 Бұл көрсеткіш Еуропа, БАӘ және Қытайдағы кеңселердің қызметкерлерін қамтиды. ERG-дің Қазақстандағы, Африкадағы және Бразилиядағы корпоративтік кеңселерінің персонал саны тиісті өңір бойынша көрсеткіш құрамында ескерілген.

ПЕРСОНАЛДЫ ТАРТУ, ДАМУ ЖӘНЕ ҰСТАП ҚАЛУ ЖАЛҒАСЫ

Қазақстандағы «Жұмысшы мамандықтар жылы»

ERG Қазақстан Республикасының Үкіметі 2025 жылға жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» мақтанышпен қолдады¹. Біз компания ішінде де, одан тыс жерлерде де дағдыларды дамытуға арналған «Білім беру экожүйесі» деп аталатын кешенді тәсілді іске асырып жатырмыз. Бұл жұмыс жұмысшы кәсіптердің беделін арттыруға, жастардың сапалы жұмыспен қамтылуға қолжетімдігін кеңейтуге және ERG-дің кадрлық резервін нығайтуға бағытталған. 2025 жылы осы жұмыс шеңберіндегі негізгі стратегиялық іс-шаралар төменде ұсынылған.

Жастарға арналған кәсіптік бағдар және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:

- ▶ 3,2 мың оқушыға кәсіпорындарға сапар ұйымдастыру;
- ▶ 6 мың оқушыға кәсіптік бағдар іс-шараларын өткізу;
- ▶ 3,5 мың оқушыға өндірістік практиканы ұйымдастыру;
- ▶ 600-ден астам түлекке жұмысқа орналасу мүмкіндіктері.

Дағдыларды дамыту және білім беру:

- ▶ Тау-кен өндіру саласының болашақ қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіби дағдыларды дамыту үшін «Жаңа кәсіптер атласын»² өзектендіру;
- ▶ Болашаққа бағдарланған кәсіби оқыту бағдарламаларын 24 өңірлік колледжде және үш жоғары оқу орнында іске асыру үшін «Колледждер альянсы және ERG» бағдарламасының қамту ауқымын кеңейту;
- ▶ Серіктес мектептерде ЖИ-технологияларын білім беру процесіне және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына интеграциялауға жәрдемдесу.

Кәсіби біліктіліктер және стандарттар:

- ▶ Болашақ талаптарына дайын мамандарды даярлау үшін өңірлік колледждермен ынтымақтастықта 10 Құзырет орталығын ашу;
- ▶ Кәсіби дағдыларды, сертификаттау мен стандарттарды бағалаудың салалық жүйесін жетілдіру үшін тиімділігі жоғары үш Кәсіби біліктілікті тану орталығын құру. Бастапқы кезеңде орталықтар 12 негізгі жұмысшы кәсіп бойынша бағалау жүргізетін болады. Орталықтар мемлекеттік аккредитация алды және Қазақстанның тау-кен өндіру саласындағы осындай алғашқы ұйымдар, сондай-ақ осы саладағы Үкімет мақсаттарына қол жеткізуге тікелей ықпал етеді³.



1 «Жұмысшы мамандықтар жылы» 2024 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға, жұмыс күші тапшылығын азайтуға және елдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған.

2 Атлас – болашақтағы ең сұранысқа ие және аса маңызды кәсіптерді терең болжауды қамтитын стратегиялық жоспарлау құралы.

3 Бұл үшін олар жұмысшы мамандықтарындағы қызметкерлердің біліктілігін растайды, компанияларға персонал құзыреттерін басқаруға, кәсіби стандарттарды қолдауға және елдегі кадр тапшылығын қысқартуға септеседі.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

► 57 млн АҚШ доллары

2025 жылы Қазақстанда еңбек жағдайларын жақсартуға және қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға салынған инвестициялар көлемі 57 млн АҚШ долларын құрады (төменде қараңыз). Біздің кешенді тәсіліміз қызметкерлеріміз бен кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтар арасындағы тығыз өзара байланысты көрсетеді.

Бұдан бөлек, қызметкерлерге мамандандырылған медициналық орталық базасындағы тегін медициналық қызмет көрсетуді және медициналық сақтандыруды қоса алғанда, бәсекеге қабілетті әлеуметтік жеңілдіктер беріледі.

Жыл ішінде MERGEN дүкендерінің өңірлік желісі кеңейтілді, ал 2026 жылдың басында бірнеше MERGEN дәріханасы ашылды, онда қызметкерлер бірінші қажеттілік тауарлары мен дәрілік препараттарды нарықтағыдан төмен бағамен сатып ала алады.

Африкада медициналық сақтандыру қызметтері аутсорсингке беріліп, орталықтандырылды және біріздендірілді, бұл қызметкерлердің медициналық мекемелердің неғұрлым кең желісіне және медициналық қызметтер спектріне қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазақстанда еңбек жағдайларын жақсартуға және қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға құйылған инвестициялар

Жұмыс орындарында

\$24,6 млн

Тамақтанудың жоғары сапасын қамтамасыз ету

- Кәсіпорындардағы қызметкерлерді тұрақты түрде тамақпен, сүтпен және негізгі дәрумендермен қамтамасыз ету;
- Ақсу ферроқорытпа зауытында заманауи асхана салу.

\$8,9 млн

Санитарлық-тұрмыстық жағдайлар мен көлік қызметін жақсарту

- Әлеуметтік инфрақұрылымды ауқымды жөндеу және салу (мысалы, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, тұрғын үй-жайлар және дәретханалар);
- Автобустарды қоса алғанда, жолаушылар тасымалына арналған көлік құралдарын сатып алу және жалға алу¹.

Жұмыстан тыс

\$18,7 млн

Облыс әкімдіктерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде қалалық ортаны жақсарту

- Tugan Qala («Туған қала») бағдарламасы шеңберінде қалалық ортаны жақсартуға бағытталған 60 жаңа жобаны іске асыру (сондай-ақ 31-беттегі әлеуметтік инвестициялар туралы ақпаратты қараңыз)².

\$4,7 млн

Қызметкерлерге кейіннен жеңілдікті шарттармен берілетін тұрғын үй салу

- Павлодар қаласында 144 пәтерлі тұрғын үй құрылысының аяқталуы;
- Хромтау қаласында 180 пәтерлі тұрғын үй құрылысының басталуы.

► 86%

Топ қызметкерлерінің шамамен 86%-ы кәсіподақ мүшелері болып табылады. Еңбек қатынастарына деген тәсіліміздің негізінде кәсіподақтармен ашық әрі конструктивті өзара іс-қимыл жатыр. Біз қызметкерлердің кәсіподақтарға кіру және Топ кәсіпорындарының көпшілігінде жасалған ұжымдық шарттарға еркін қатысу құқығын құрметтейміз.

ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және одан әрі мына негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланған:

- Қазақстанда өндіріс қауіпсіздігі саласындағы бірқатар іс-шараларды іске асыру, оның ішінде Lockout/Tagout (LOTO) жүйесін басқа кәсіпорындарға тарату, жүргізушінің шаршауын бақылау жүйелерін енгізуді жалғастыру және газ ортасын бақылау жүйелерін автоматтандырылған «ERG Vision» бейнебасқару жүйесімен интеграциялау;
- Африкадағы барлық кәсіпорындарда жетілдірілген «Өмірлік маңызды ережелер» енгізу және тиісті оқыту жүргізу, өндіріс қауіпсіздігі саласындағы көрсеткіштер жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ Африкадағы кәсіпорындардың іс-шаралар жоспарына әлеуметтік-психологиялық денсаулық мәселелерін енгізу;
- Африкада оқыту мен құзыреттерді басқару жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ тиімділігі жоғары қызметкерлер қатарынан кадрлық резерв қалыптастыру.



1 Аталған көлік құралдарын 2026 жылы жеткізу жоспарланған.

2 Tugan Qala бағдарламасы ERG кәсіпорындары орналасқан өңірлерде қалалық ортаны жақсартуға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде жергілікті қоғамдастықтар өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға сәйкес бөлінетін қаражатты бөлу туралы шешімдер қабылдауға қатысады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ӘСЕР

► 6 мың 400 тұрғын

2025 жылы Қазақстанда жүргізілген жыл сайынғы сауалнамаға моноқалалардың шамамен 6 мың 400 тұрғыны (оның ішінде ERG қызметкерлері) қатысты (2024 жыл: шамамен 7 мың 500)¹. Сауал-намаалар жергілікті тұрғындар тап болатын негізгі проблемаларды анықтау және олардың шешілу барысын бақылау мақсатында әкімдіктердің (өңірлік атқарушы билік органдарының) қолдауымен жүргізіледі. 2025 жылы өткізілген сауалнама нәтижелері алдыңғы жылдармен салыстырғанда жергілікті халық арасында қоғамдық көңіл-күйдің жақсарғанын көрсетеді, әсіресе Рудный қаласы мен Қашар кентінде тиісті көрсеткіштер 10 пайыздық тармақтан астамға өсті. Сауалнама нәтижелері жергілікті билік органдарымен ынтымақтастықта іске асырылатын әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу кезінде ескеріледі, бұл біздің қызметіміз барысында жергілікті халықтың қажеттіліктері мен проблемаларының тиісінше ескерілуін қамтамасыз етеді. Осы жұмыс шеңберінде біз медициналық мекемелерді жабдықтау, жолдарды жөндеу, инженерлік желілерді жаңғырту және тұрғын үйлерді жөндеу сияқты басым міндеттерді шешуге бірінші кезекте назар аударуды жалғастырамыз (31-бет).

► Шағымдарды басқару

Қазақстанда ірі жобаларды іске асыру кезінде немесе елеулі операциялық өзгерістер болған жағдайда қоғамдық тыңдаулар және әсерді кешенді бағалау жүргізіледі. 2025 жылы 44 қоғамдық тыңдау өткізілді (2024 жыл: 20). Тыңдаулар барысында, сондай-ақ басқа қолжетімді байланыс арналары арқылы елеулі шағымдар түскен жоқ. Африкада қолданыстағы арналар арқылы 32 шағым берілді (2024 жыл: 32), олардың 25-і жыл соңына дейін реттелді. Бұл шағымдар негізінен қызметкерлердің әрекеттеріне, мүлікке келтірілген залал үшін өтемақы төлеу талаптарына, сондай-ақ энергиямен және сумен жабдықтаудағы үзілістерге қатысты болды². Бразилияда шағымдарды реттеу және жергілікті халықпен өзара іс-қимыл жүйесі арқылы 47 шағым алынды (2024 жыл: 162)³. Олардың 42-сі 2025 жылы, ал қалған бесеуі 2026 жылдың басында реттелді. Негізгі шағымдар теміржол құрылысына байланысты қолайсыздықтарға, мердігер ұйымдардағы еңбек жағдайларына және басқа мәселелерге қатысты болды.

ҚДР-де Қауіпсіздік және адам құқықтары жөніндегі ерікті қағидаттарды енгізуге жәрдемдесу

ҚДР-де біз Қауіпсіздік және адам құқықтары жөніндегі ерікті қағидаттарды (бұдан әрі - «Ерікті қағидаттар») ілгерілету және қолдану бойынша өңірлік жұмыс топтарының қызметіне, оның ішінде старательді қауымдармен өзара іс-қимыл кезінде, қатысамыз.

Жасалатын шарттардың талаптарына сәйкес кәсіпорындарымызға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымдары Ерікті қағидаттарды сақтауға, тиісті саясаттар мен рәсімдерді енгізуге және оқытуды ұйымдастыруға міндетті.

Олардың осы талаптарды сақтауын бағалау мақсатында жеткізушілер аудиті жоспарымызға сәйкес тексерулер жүргізіледі.

Metalkol кәсіпорнына жақын жерде старательдер Кингамьямбо қалдық қоймасының айналасындағы қоршаудан тыс жерде қызмет жүргізеді. Біз жергілікті халық үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау, гигиена, қалдықтармен жұмыс істеу, қаржылық менеджмент пен басқару негіздері сияқты мәселелер бойынша оқыту ұйымдастыру мақсатында ҰЕҰ-мен ынтымақтасамыз.



- 1 Сауалнама Лисаковск, Рудный, Ақсу, Хромтау моноқалаларында, сондай-ақ Қашар және Октябрьский кенттерінде жүргізілді.
- 2 Metalkol кәсіпорнында «Мисопол-А4» тау-кен учаскесіне іргелес аумақтарда тұратын жергілікті тұрғындарға экономикалық қоныс аударуға байланысты келісілген өтемақы төлеу басталды, бұл ретте физикалық қоныс аудару қажеттілігі туындаған жоқ.
- 3 Алдыңғы жылмен салыстырғанда шағымдар санының азаюы, ең алдымен, жоба бойынша жұмыстардың тоқтатыла тұруына және соның салдарынан жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылдың қысқаруына байланысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

► **\$25,7 млн**

2025 жылы Топтың Қазақстандағы әлеуметтік инвестицияларының көлемі – 25,7 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 94,9 млн АҚШ доллары). Көрсеткіштің төмендеуі ең алдымен 2024 жылы елдегі су тасқыны салдарын жоюды қолдауға бағытталған біржолғы қайырымдылықтарға байланысты.

Әлеуметтік инвестициялардың едәуір бөлігі ERG кәсіпорындары орналасқан моноқалалар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған өңірлік дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жұмыс ұлттық және өңірлік билік органдарымен серіктестікте, оның ішінде өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде жүзеге асырылады. Ол жергілікті қоғамдастықтармен құрылымдалған өзара іс-қимылға негізделген және жергілікті деңгейде айқындалған басымдықтарға бағдарланған.

Қазақстандағы әлеуметтік жобалардың мысалдары¹

\$8,4 млн

Өңірлердегі білім беру

- Рудный қаласында 1,2 мың оқушыға арналған цифрлық инфрақұрылымы бар мектеп салу және Safe Schools цифрлық қауіпсіздік экожүйесін пилоттық іске қосу²;
- Ақсу қаласындағы мектепті күрделі жөндеу және жабдықтау.

\$3,9 млн

Мәдениет пен спортты дамыту

- Хромтау қаласында заманауи мәдениет орталығының құрылысын аяқтау;
- Ақсу және Хромтау қалаларында жүзу бассейндерінің құрылысын бастау.

\$2,1 млн

Денсаулық пен әл-ауқат деңгейін арттыру

- «ERG дәрігерге» бағдарламасы шеңберінде медициналық жабдықты сатып алу;
- Астана қаласында ересектерге арналған оңалту орталығын салу.

\$4,3 млн


Қалалық ортаны дамыту

- Ақсу қаласында мәдениет және демалыс паркінің құрылысын бастау;
- «Аймақты дамытуға ынталылар мектебі» бағдарламасы шеңберінде қалалық инфрақұрылымды жақсарту және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бағытында 34 жобаны іске асыру³.

\$2,2 млн

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту

- Хромтау қаласындағы коммуналдық желілерді реконструкциялау.



- 1 Бұл инвестициялар КЭЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясат талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2 Safe Schools («Қауіпсіз мектептер») жобасы «ERG Мектепке» («ERG мектепке») бағдарламасы шеңберінде іске асырылады. Жүйе технологиялық стартаппен ынтымақтастықтағы пилоттық жоба шеңберінде іске қосылды және оқушылар арасындағы цифрлық қауіптерді анықтауға және алдын алуға бағытталған.
- 3 «Аймақты дамытуға ынталылар мектебі» бағдарламасы шеңберінде жергілікті тұрғындар, оның ішінде біздің қызметкерлер, бастамашыл бюджеттеудің мемлекеттік тетіктерін пайдалануды үйренеді, сондай-ақ «Халық қатысатын бюджет» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатыса отырып, өздері тұратын қалаларды абаттандыруға жәрдемдеседі.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖАЛҒАСЫ

► \$12,8 млн

2025 жылы Африкадағы әлеуметтік инвестициялар көлемі – 12,8 млн АҚШ доллары (2024 жыл: 23,5 млн АҚШ доллары¹). Бұл инвестициялардың едәуір бөлігі Міндеттемелер тізілімдері (Cahier des Charges) және ERG-дің ҚДР-дегі кәсіпорындарының жылдық айналымының 0,3%-ы мөлшеріндегі міндетті аударымдар шеңберінде іске асырылады. Іске асырылып жатқан әлеуметтік бастамалар ҚДР-дегі 58 қоғамдастықтың негізгі даму міндеттерін шешуге ықпал етеді және көптеген басқа қоғамдастықтарға жанама пайда әкеледі. Біздің түпкі мақсатымыз - кәсіпорындарымызға жақын орналасқан жергілікті қоғамдастықтардың, оның ішінде біздің қызметіміз аяқталғаннан кейін де, орнықтылығы мен өзін-өзі қамтамасыз ету қабілетін арттыру.

Сондықтан біз әлеуметтік жобаларды іске асыруға жергілікті қоғамдастықтардың белсенді қатысуына және мүмкіндігінше жергілікті жеткізушілердің біздің өндірістік-өткізу тізбектерімізге қол жеткізуіне ерекше көңіл бөлеміз.

BAMIN консервация режимінде болғанына қарамастан, Бразилиядағы әлеуметтік инвестициялар көлемі – 2025 жылы 1,8 млн АҚШ доллары межесінде (2024 жыл: 1,8 млн АҚШ доллары), оның ішінде міндетті табиғат қорғау іс-шараларын іске асыруға арналған шығыстар (Projeto Básico Ambiental, PBAs) бар.

Африкадағы әлеуметтік жобалардың мысалдары

Metalkol

- Жаңа мектептің, сондай-ақ ересектерге арналған сауаттылық орталығының құрылысы. Бұдан бөлек, ERG қолдауымен 2026 жылдың басында жергілікті тұрғындарға арналған, мемлекеттік аккредиттеуден өткен кәсіптік білім беру орталығы ашылды.

Frontier

- Сакания қаласындағы орталық аурухананы жөндеуді жалғастыру, жергілікті елді мекендерде сегіз ұңғыма бұрғылау, сондай-ақ алты жергілікті елді мекенде құс қораларын салу.

Boss Mining

- 300 оқушыға арналған жаңа Кисанфу мектебінің құрылысын жалғастыру, сондай-ақ жақын маңдағы қоғамдастықтарға ауыл шаруашылығы ресурстарын беру.

COMIDE

- Жергілікті тұрғындардың таза суға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін күн энергиясымен жұмыс істейтін жүйелері бар 5 жаңа ұңғыманы абаттандыру², құс шаруашылығы жобаларын қолдау және жергілікті ауыл шаруашылығы бағдарламаларын іске асыруға қатысу.

Swanmines

- Алдағы тау-кен өндіру жобасына арналған Міндеттемелер тізіліміне қол қоюға дайындық шеңберінде жергілікті қоғамдастықтармен және дәстүрлі көшбасшылармен өзара іс-қимылды жалғастыру.

Топтың ҚДР-дегі кәсіпорындары жалпы ауданы 1 мың га-дан астам жаңа ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге жәрдем көрсетті, оның ішінде техникалық қолдау көрсету, тұқым мен тыңайтқыштар ұсыну, сондай-ақ оқытуды ұйымдастыру бар.



ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және одан әрі мына негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланған:

- Қазақстанда ұзақ мерзімді өңірлік даму бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, оның ішінде «Аймақты дамытуға ынталылар мектебі» (31-бет) және Tugan Qala («Туған қала») (29-бет) бағдарламалары шеңберінде қалалық ортаны жақсарту бойынша бірқатар жобаны іске асыру;
- Міндеттемелер тізілімдері шеңберінде әртүрлі жобаларды іске асыру және ERG-дің ҚДР-дегі кәсіпорындары айналымының 0,3%-ы мөлшерінде міндетті аударымдарды төлеу.

Атап айтқанда:

- Metalkol кәсіпорны алдағы бес жылда ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын қолдау, білім беру мен энергиямен жабдықтауға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ тоғыз елді мекенде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жалпы сомасы 6,5 млн АҚШ долларын құрайтын инвестицияларды көздейтін екінші Міндеттемелер тізіліміне қол қойды;
- Frontier кәсіпорны жергілікті тұрғындардың инженерлік мамандықтар, электр техникасы және тау-кен ісі бойынша білім алуына мүмкіндік беретін Лубумбаши университеті филиалын құруды қаржыландырады.

¹ Көрсеткіш қайта есептелді: ҚДР Жер қойнауын пайдалану кодексінің талаптарына сәйкес жылдық айналымның 0,3%-ы мөлшеріндегі міндетті аударымдарды ескере отырып, 2024 жылға арналған Африкадағы әлеуметтік инвестициялар шығыстарының көлемі 10,4 млн АҚШ долларынан 23,5 млн АҚШ долларына дейін ұлғайту жағына қарай қайта қаралды.

² Пайдалануға берудің салтанатты рәсімі 2026 жылғы 29 қаңтарда өтті.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- ▶ **Этика және комплаенс, оның ішінде адам құқықтары**
- ▶ **Жауапты өндіріс пен өткізу тізбектері**
- ▶ **Мемлекеттік органдармен өзара байланыс және заңнама**

БҰҰ-НЫҢ ТИІСТІ ОДМ



Бизнесіміздің ұзақ мерзімді табысының кепілі — клиенттеріміздің, серіктестеріміздің, біздің кәсіпорындарымыз орналасқан елдер үкіметтерінің, жергілікті қоғамдастықтар мен жалпы қоғамның сенімі. Бұл сенімді ақтау үшін біз басқару жүйелеріне, бақылау тетіктері мен шешім қабылдау процестеріне адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын енгіземіз.

Басқару тәсілі

Топтың комплаенс саласындағы саясаттары (оның ішінде ақшаны жылыстатуға, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, санкцияларды сақтау, адам құқықтарын құрметтеу және дербес деректерді қорғау сияқты мәселелер) тәуекелге бағдарланған комплаенс-менеджмент жүйесі арқылы іске асырылады. Бұл жүйе кәсіпорындарымызда және өндіріс пен өткізу тізбегі шеңберінде комплаенс-тәуекелдерді анықтауға, бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді.

Комплаенс қызметі ERG-дің осы саладағы ішкі саясаттары мен рәсімдерінің сақталуын қадағалайды, жыл сайынғы Комплаенс-бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ заңнама талаптарынан да жоғары, күшейтілген кепілдіктер береді. Сонымен қатар бұл қызмет икемді басқару моделін дамытуға және негізгі сыртқы серіктестермен байланысты нығайтуға үлес қосады.

2025 жылы жұмыс үш негізгі бағыт бойынша жалғасты:

- ▶ Халықаралық санкциялар саласындағы өзгеріп жатқан жағдайларға тиісінше әрекет ету;
- ▶ Өніміміздің өндіріс пен өткізу тізбегіне қатысты кепілдіктер беру;
- ▶ Мемлекеттік серіктестермен сындарлы диалогты сақтау және ел ішінде құндылық жасауды қоса алғанда, ұлттық даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу.

EURASIAN RESOURCES

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

ЭТИКА ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС, ОНЫҢ ІШІНДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

► Бейімделген комплаенс-мәдениет

Біз Топтың бейімделген комплаенс-мәдениет моделі арқылы комплаенс қағидаттарын ERG-дің ұйымдық мәдениетіне енгіздік. Ол қызметкерлерімізге өз жұмысына қатысты комплаенс-тәуекелдерді түсінуге және оларға тиісінше әрекет етуге көмектеседі, сондай-ақ Топқа жұмыс жағдайындағы, реттеуші органдар талаптарындағы және геосаяси ахуалдағы өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік береді. Біз қолданыстағы заңнама талаптарын алдын ала бақылап отырамыз және комплаенс-қызметімізді одан әрі дамыту мен қызметкерлердің нақты санаттары үшін тәуекелге бағдарланған оқыту бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында компания бөлімшелерімен және реттеуші органдармен бірлесіп жұмыс істейміз.

2025 жылы жұмыстың негізгі бағыттары мыналар болды:

- Алаяқтық тәуекелі, ЖИ реттеу, мүдделер қақтығысы, халықаралық санкциялар, жанжал аймақтары мен тәуекелі жоғары аудандар (CAHRA)¹ және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл салаларындағы саясат пен рәсімдерді жетілдіру;
- Қолданыстағы санкциялардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша тұрақты белсенді жұмыс.

Комплаенс саласындағы оқыту (қызметкерлер саны) ²	Жоғары басшылық ³	Менеджерлер	Қызметкерлер	2025 жылғы барлығы	2024 жылғы барлығы
Корпоративтік мінез-құлық кодексі ⁴	45	1 905	7 426	9 376	3 597
Контрагенттерді кешенді тексеру (ККТ) ⁵	7	161	651	819	1 157
Дербес деректерді қорғау	25	927	1 603	2 555	8 613
Мүдделер қақтығысы	23	854	1 568	2 445	8 840
Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	59	693	811	1 563	711
Адам құқықтары	25	662	2 686	3 373	6 485
Санкциялар	10	39	104	153	0
Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл	11	33	118	162	0

1 ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаттары аясында.
2 Оқытылған қызметкерлердің жалпы санының алдыңғы жылмен салыстырғанда төмендеуі 2024 жылы қамтудың кеңірек болуына байланысты. Тәуекелге бағдарланған тәсіл шеңберінде комплаенс-оқыту қызметкерлердің жекелеген санаттарына төнетін комплаенс-тәуекел деңгейіне қарай жүргізіледі.

2023 жылдан бастап Қазақстанда жыл сайын Этика және комплаенс күні атап өтіледі. 2025 жылы бұл іс-шара мыңдаған қызметкерді ERG құндылықтары мен іскерлік этика және кәсібилік бойынша жоғары стандарттарды сақтау мақсатында біріктірді.

Оқыту және ақпараттандыру

Топта қызметкерлерді оқыту мен ақпараттандырудың кешенді және тәуекелге бағдарланған жоспары енгізілген. Барлық өңірлерде парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысы, контрагенттерді кешенді тексеру, дербес деректерді қорғау, жасанды интеллект, адам құқықтары, санкцияларды сақтау, бұзушылықтар туралы хабарлау және басқа да негізгі тақырыптарды қамтитын оқыту және коммуникациялар жоспарлары жыл сайын әзірленеді. Бұдан бөлек, 2025 жылы қызметкерлерге негізгі оқытуға қосымша 79 комплаенс-коммуникация ұсынылды.

► >15 мың

2025 жылы контрагенттерге 15 мыңнан астам кешенді тексеру (ККТ) жүргізілді (2024 жылы: шамамен 15 мың). Бұл тексерулер келісімшарттарды барлық кезеңде сүйемелдеудің кешенді тәсілін және Топтың орнықты даму саласындағы талаптардың күшеюіне уақытылы әрекет ету қабілетін қамтамасыз ететін үшінші тарап тәуекелдерін басқару процесі аясында жүргізілді. ККТ-ны Топтың комплаенс-мамандары сенімді сыртқы ақпарат көздері мен комплаенс саласындағы дерекқорларды пайдалана отырып жүргізеді.

Атап айтқанда, санкциялармен, парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен, ақшаны жылыстатумен, жеткізу тізбегіндегі адам құқықтарының бұзылуымен және CAHRA аймақтарымен байланысты тәуекелдер бағаланып, жедел бақылауға алынады. Әрбір транзакция мен контрагентке тәуекел санаты беріледі және оны төмендету шаралары айқындалады.

2025 жылы ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексінің бұзылуы туралы өтініштер саны	Өтініштердің жалпы саны	Расталған өтініштер
Сатып алулар / жеткізушілермен өзара іс-қимыл	63	32
Жұмысқа орналастырудың әділ тәжірибесі (кемсітушілікке немесе қысым көрсетуге жол бермеуді қоса алғанда)	54	16
Парақорлық және сыбайлас жемқорлық	46	30
Адам құқықтары (ERG қызметкерлерін, мердігерлерді және жеткізу тізбегіндегі жұмыскерлерді қоса алғанда)	14	5
Мүдделер қақтығысы	13	12
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	10	7
Саясат ережелерін бұзу	9	7
Деректерді қорғау (қызметкерлер мен контрагенттердің құпия және дербес деректерін қоса алғанда) / ақпараттық қауіпсіздік	3	2
Сатулар / сатып алушылармен өзара іс-қимыл	3	1
Мүлікті заңсыз иемдену (алаяқтық пен жымқыруды қоса алғанда)	2	0
Экология	2	0
Бәсекелестікті қорғау туралы заңнама және монополияға қарсы заңнама	0	0
Халықаралық сауда	0	0
Бедел тәуекелдері	0	0
Санкциялар	0	0
Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл	0	0
Қаржылық есептілікті бұрмалау / жалған жасау	0	0
Барлығы	219	112

3 Жоғары буын басшылары, бас инженер, бас бухгалтер және т. б.
4 Африкадағы қызметкерлер үшін өткізілетін объектідегі жұмыс бойынша жыл сайынғы кіріспе нұсқаманы қоспағанда.
5 Қазақстанда ККТ бойынша оқыту санкцияларды сақтау жөніндегі жалпы оқытуды қамтиды.

ЖАУАПТЫ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІ

► «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы

2025 жылы ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнының «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы бесінші есебі жарияланды¹. Бағдарлама ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаттарының² сақталуын қамтамасыз ете отырып, жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар:

- 2025 жылғы желтоқсанда Пайдалы қазбалардың жауапты жеткізушілерін таңдау жөніндегі бастама (RMI) Metalkol қызметінің мыс, қорғасын, никель және мырыш қосылыстарын

өндірушілерді кешенді тексеру жөніндегі Бірлескен стандарттың (2021 жылғы) және кобальт өндірушілерді кешенді тексеру стандартының (2018 жылғы) талаптарына сәйкес келетінін қайта растады;


- 2026 жылғы ақпанда Metalkol кәсіпорны қызметтің корпоративтік басқару, экологиялық және әлеуметтік салалардағы 33 критерийге сәйкестігін тәуелсіз бағалау нәтижесінде Copper Mark сертификатына ие болды. Metalkol – осы сертификатты алған қалдықтарды қайта өңдейтін алғашқы кәсіпорын.

► «Жауапты алюминий өндірісі» бағдарламасы

ERG-дің барлық алюминий өнімі «Жауапты алюминий өндірісі» бағдарламасымен қамтылған. Бұл адам құқықтары, іскерлік этика, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау салаларындағы басқаруға жауапты көзқарасымыздың халықаралық стандарттарға сәйкестігін көрсетеді³. Бағдарлама сатып алушыларымызға жоғары деңгейдегі кепілдік беріп, Лондон металдар биржасының (LME) жауапты жеткізушілерді таңдау саласындағы талаптарына сәйкестігімізді растайды⁴.

Біз әрбір металл партиясы бойынша кепілдіктер мен талаптарға сәйкестік туралы деректерді бұлттық жүйе арқылы ұсынуға мүмкіндік беретін LME Passport бастамасына да қатысамыз. Алюминий жеткізу тізбегіміздегі барлық кен өз кәсіпорындарымыздан жеткізіледі.

ERG өнімдерінің жауапты өндіріс және өткізу тізбегі саласындағы сертификаттармен және бағдарламалармен қамтылуы

 Ферроқорытпалар	ISO 14025 Жоғары көміртекті феррохромға арналған халықаралық өнімнің экологиялық декларациясы (Қазхром).	EcoVadis 2026 жылы жарияланған кезекті бағалау нәтижелері бойынша Қазхром 75 балл жинап, 90-перцентильге кірді⁵. 
 Глинозем және алюминий	«Жауапты алюминий өндірісі» бағдарламасы ERG-дің барлық алюминий өніміне қолданылады.	Лондон металдар биржасының (LME) жеткізушілерді таңдауға жауапты тәсілінің талаптары ҚЭЗ-дің барлық алюминий өніміне қолданылады.
 Кобальт, мыс және өзге түсті металдар	«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы Metalkol, Frontier, Boss Mining және COMIDE кәсіпорындарында іске асырылады.	RMI RMAP Metalkol кәсіпорнында талаптарға сәйкестік мәртебесі.  Copper Mark Metalkol кәсіпорнында талаптарға сәйкестікті растау, сертификат 2026 жылғы ақпанда алынды. 
 Энергетика	Bettercoal 2025 жылы Шұбаркөл көмір кәсіпорнында Bettercoal өндірушісі мәртебесін алу жұмысы басталды.	

Жеткізушілерді күшейтілген ESG-тексеру

2025 жылы Қазақстандағы ERG сатып алу порталында жеткізушілердің ESG-стандарттарға сәйкестігін ұпаймен бағалаудың жаңа жүйесі іске қосылды. Орта және ірі жеткізушілердің көрсеткіші аттестаттау және қайта аттестаттау барысында жүргізілетін өзін-өзі бағалау нәтижелері негізінде есептеледі. Бұдан бөлек, Қазхром кәсіпорнында жауапты қызметкерлер үшін орнықты сатып алулар бойынша пилоттық оқу курсы іске қосылды.

Толық ақпарат torgi.erg.kz сатып алу порталында жарияланған ERG-дің орнықты сатып алулар жөніндегі есебінде берілген.



1 2025 жылдан бастап деректерді тәуелсіз растау Copper Mark тәуелсіз верификациясы процесі шеңберінде жүзеге асырылады. Толық ақпарат Рвс компаниясының орынды сенімділік деңгейімен берілген тәуелсіз растау жөніндегі тиісті есебінде ұсынылған.

2 ЭЫДҰ-ның қақтығыс аймақтарынан және тәуекелі жоғары аудандардан алынатын пайдалы қазбалар жеткізу тізбегін жауапты басқаруға арналған тиісті сақтық қағидаттары.

3 ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаттарын қоса алғанда.

4 Бұл – ҚЭЗ кәсіпорнының алюминий өніміне берілген «LME мойындаған бренд» мәртебесін сақтау шарты.

5 EcoVadis рейтингі және бағалау әдіснамасы туралы толық ақпарат recognition.ecovadis.com сайтында ұсынылған.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ЗАҢНАМА

► 40%

Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG акцияларының 40%-ына иелік етеді. Біз өз қызметіміздің мақсаттарымен ұштасатын тұстарда Үкіметке ұлттық даму міндеттерін жүзеге асыруға қолдау көрсетеміз.

2025 жылы біз мемлекеттік органдармен мына негізгі бағыттар бойынша бірлескен жұмысты жалғастырдық:

- Қызметіміздің тікелей, жанама және туынды экономикалық әсері нәтижесінде ел ішінде құндылық жасау;
- Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді дамыту.

Салық төлемдері мен экономикалық игіліктер жа-саудан бөлек, ERG Қазақстанның жалпы дамуына мына жолдармен де үлес қосады:

- Экономиканы әртараптандыруға және дайындығы жоғары өнімнің отандық өндірісін дамытуға жәрдемдесу;
- Технологиялық инновацияларды, цифрландыруды және ЖИ енгізу (16-17 беттер);
- Қызметкерлердің тұрмыс жағдайын жақсарту және өндірістегі қолайлы қарым-қатынасты сақтау (29-бет);
- Студенттер мен қызметкерлеріміздің бойында болашақта қажет болатын дағдыларды дамытуға, сондай-ақ білім беру жүйесін жаңғыртуға жәрдемдесу (28-бет);
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттарды арттыруға қолдау көрсету (21-бет, 26-бет);
- Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге атсалысу.

Салық төлемдері

2025 жылы Топ төлеген салықтар мен өзге де міндетті төлемдер сомасы 884 млн АҚШ долларын құрады (2024 жыл: 968 млн АҚШ доллары). Бұл біздің өңірлеріміздегі мына сомаларды қамтыды:

		
Қазақстан	Африка	Бразилия
\$619 млн	\$229 млн	\$8 млн
2024		
\$641 млн	\$275 млн	\$8 млн

Салықтар мен өзге де міндетті төлемдер сомасының азаюы ең алдымен роялтидің қысқаруына байланысты болды. Бұдан бөлек, 2024 жылғы көрсеткіштің жоғары болуы ҚДР-де тұрақты салық төлемдерімен қатар алдыңғы кезеңдер үшін кейбір салықтардың төленуіне байланысты болды.

Топтың Салық саясатына сәйкес, біз жергілікті салық заңнамасын сақтаймыз және трансферттік баға белгілеу бойынша ЭЫДҰ нұсқаулық қағи-даттарын ұстанамыз. Біз Қазақстанда, ҚДР-де және Замбияда ЕІТ есептерін тапсырамыз, сондай-ақ ЕО және ЭЫДҰ талаптары шеңберін-де Люксембургтің салық органдарына тиісті есептілікті ұсынамыз.

► Сындарлы ынтымақтастық

Біз ERG кәсіпорындарында тікелей де, жанама да үлесі бар ҚДР Үкіметімен оң және өзара тиімді қатынастарды сақтауға ұмтыламыз¹. Бұл бизнес және әлеуметтік-экономикалық міндеттемелері-мізді орындауды, жұмыс тәсілімізді тұрақты жетіл-діруді және тиімділігі төмен бастамалардан бас тартуды білдіреді.

Жауапты оператор және ынтымақтастыққа бағдарланған ұзақ мерзімді серіктес ретінде біз ҚДР-дің жергілікті және ұлттық деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан страте-гиялық үлесімізді мақтан тұтамыз. Бұған инвести-циялар, салық төлемдері, жаңа жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік инвестициялар және кәсіби дағдыларды дамыту кіреді.

2025 жылғы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналарды қамтыды:

- ҚДР Үкіметінің кобальт экспортын уақытша тоқтата тұруы, сондай-ақ жаңа экспорттық квоталар мен рәсімдерді енгізуі;
- Елдегі пайдалы қазбаларды жауапты артельдік және шағын ауқымды өндіруді ресмилендіру жөніндегі Үкімет бастамаларын қолдаудағы ERG рөлі²;
- Электр энергиясы жүйесінің тұрақтылығын арттыруға, энергиямен жабдықтаудағы үзіліс-терді қысқартуға және Metalkol кәсіпорнындағы жүктеме шектеулерін төмендетуге мүмкіндік беретін ұзындығы 48,4 км Nseke-RO электр беру желісін бірлесіп жаңғырту;
- Swanmines тау-кен өндіру жобасын әзірлеу мәселелері бойынша мемлекеттік тау-кен өндіру компаниясы Gécamines-пен бітімгершілік келісімін табысты жасасу³.

Саяси мақсаттағы жарналар

Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелеріне сәйкес, ERG Менеджерлер кеңесі мақұлдаған ерекше жағдайларды есепке алмағанда, саяси мақсатта тікелей немесе жанама жарналар бөлмейді. 2025 жылы ERG саяси партияларға қаржылық немесе материалдық қолдау көрсеткен жоқ.

ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және одан әрі мына негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланған:

- Тиісті нормативтік талаптарды орындау және Топтың бизнес қызметінің серпінін ескере отырып, комплаенс-есептіліктің жетілдірілген процестері мен көрсеткіштерін енгізу;
- Copper Mark сертификатын алғаннан кейін Metalkol кәсіпорнында басқару жүйелерін жетілдіру бойынша қосымша іс-шараларды іске асыру;
- Қазақстан мен ҚДР-дегі мемлекеттік органдар-мен мүдделі тараптардың кең ауқымына тиімді жағдай жасау және ел ішінде құндылықтар қалыптастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ Бразилиядағы мемлекеттік органдармен BAMIN перспективаларына қатысты ынты-мақтастықты жалғастыру.

1 Metalkol және Frontier кәсіпорындарын, сондай-ақ Boss Mining және Swanmines кәсіпорындарын қоса алғанда, Үкімет бұл кәсіпорындардағы үлестерге мемлекеттік тау-кен өндіру компаниясы Gécamines және Мемлекеттік мүлік басқару министрлігі арқылы иелік етеді.

2 Оның ішінде 2026 жылғы ақпанда Entreprise Générale du Cobalt (EGC) компаниясымен жасалған ресми өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде.

3 Бұл келісім жобаны бірлесіп іске асырудың негізін белгілейді, сондай-ақ Gécamines қатысуын кеңейтуді көздейді және жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың игілігі үшін жобаның табысты дамуын қамтамасыз ету бойынша тараптардың ортақ ниетін бекітеді.

Болжамдық мәлімдемелер

Орнықты даму бойынша осы шолу болжамды сипаттағы белгілі бір мәлімдемелерді қамтиды. Мұндай мәлімдемелер тарихи фактілерге негізделмеген және табиғаты бойынша перспективалы болып табылады. Мәлімдемелердің болжамды сипаты, атап айтқанда, «ниет ету», «нысанаға алу», «болжау», «күту», «бағалау», «жоспарлау», «сену», «мүмкін», «керек», «болады», «әлеуетті», «мүмкін», «зерттеу», «зерделеу» және басқа да осындай сөздер.

Болжамды мәлімдемелер белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіздікпен және басқа факторлармен байланысты, олардың негізінде нақты көрсеткіштер, оқиғалар мен нәтижелер осындай болжамды мәлімдемелерде тікелей айтылған немесе болжанған күтулерден айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Мұндай факторларға, атап айтқанда, операциялық қызметтің нақты нәтижелері, нарықтық жағдайлар, валюта бағамдарының ауытқуы, операциялық қызметтегі үзілістер, макроэкономикалық динамика, саяси белгісіздік, мемлекеттік реттеу және басқа да тиісті факторлар кіруі мүмкін. Сондықтан мұндай болжамды мәлімдемелерге сенбеу керек.

Осы шолуда қамтылған болжамды мәлімдемелер оның жарияланған күніне ғана жарамды. ERG осы күннен кейін осы шолуда қамтылған кез келген болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе қайта қарау бойынша міндеттеме алмайды.



EURASIAN RESOURCES GROUP S.à r.l.

9, rue Sainte Zithe
L-2763 Люксембург

+352 26 84 58 99
+352 24 84 53 1

info@erg.net
eurasianresources.lu